

«Sinoasia B&R» (Синоазия БиЭндАр) СК» АҚ
акционерлерінің жалпы кезектен тыс жиналысының
18.07.2023 жылғы № 2-2023 хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ _____ заңды
тұлға мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді
Алғашқы тіркелген күні _____
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
произведена государственная перерегистрация
юридического лица « _____
Дата первичной регистрации « _____
БСМ БИН _____

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ _____
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУДАН БҒАТЫЛҒАН
№ _____ БҒЫРМАН № _____
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
ВНЕСЕМЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬСКИЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № _____

SINOASIA B&R (Синоазия БиЭндАр) САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

МАЗМҰНЫ

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР	4
1 АНЫҚТАМАЛАР	4
2 ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ	5
3 ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ	5
2-ТАРАУ. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІ	6
4 ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ	6
3-ТАРАУ. ҚОҒАМ КАПИТАЛЫ	7
5 ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ	7
4-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ	7
6 ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ	7
7 БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАР ТІЗІЛІМДЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ	9
5-ТАРАУ. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	9
8 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	10
9 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ - АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	11
10 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ	12
11 ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР	13
6-ТАРАУ. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ	13
12 ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ	13
13 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ	13
14 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ	15
15 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ	17
16 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	1921
17 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ	2022
18 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСТЕРІН ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ ..	26
19 БАСҚАРМА	26
20 БАСҚАРМА ҚҰЗЫРЕТІ	279
21 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ	30
22 ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ	32
23 ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ	33
7-ТАРАУ. ЖАСАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНГЕН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ	36
24 ІРІ МӘМІЛЕЛЕР	34
25 ҚОҒАМНЫҢ ЖАСАУЫНА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР	35
8-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ	39
26 ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ	39

27	ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ.....	40
9-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕПТІЛІГІ		40
28	ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІЛІГІ	40
10-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ		41
29	ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ 41	
11-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ		43
30	ҚОҒАМДЫ ҚАЙТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ	43
31	ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ	43
32	ҚОҒАМДЫ ЕРІКТІ ТАРАТУ	43
12. ӨЗГЕ МӘСЕЛЕЛЕР		44
33	ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР	44

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 АНЫҚТАМАЛАР

1.1 Осы Жарғыда пайдаланылатын және осы Жарғыда өзгеше белгіленбеген бас әріппен жазылған әрбір термин келесі мағынаға ие:

«Акционер» Қоғам акциясының меншік иесі болып табылатын тұлғаны білдіреді.

«Акция» — акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

«Аудиторлық ұйым» Қоғамның аудитін, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің аудитін және Қоғамның қызметі туралы есепті жүргізу үшін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейтін ұйымды білдіреді.

«Үлестес тұлғалар» жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді (оларға берілген өкілеттіктер аясында бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде белгілеу мүмкіндігі бар (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленген өзге де жағдайларда ықпал етуге құқығы бар. Қоғамның үлестес тұлғаларының тізбесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленеді.

«Бюджет» Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның жылдық бюджетін білдіреді.

«Дауыс беретін акциялар» — орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы берілген артықшылықты акциялар. Дауыс беретін акциялардың қатарына қоғам сатып алған акциялар, сондай-ақ егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, номиналды ұстаудағы және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ол туралы мәліметтер жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді;

«Дивиденд» Акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін табысын білдіреді.

«Мүдделі тұлғалар» Қоғамның мәміле жасауға мүдделі үлестес тұлғаларын білдіреді, егер олар: 1) мәміленің тарабы болып табылса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса; 2) мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылады.

«Білікті көпшілік» кемінде 3/4 (төрттен үш) мөлшеріндегі көпшілікті білдіреді.

«Ірі мәміле»:

- 1) нәтижесінде қоғам құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;
- 2) нәтижесінде қоғамның орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе бір түрдегі орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының жиырма бес және одан да көп пайызы мөлшерінде қоғамның өзі сатып алған бағалы қағаздарын сатуы мүмкін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

«Сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша ірі мәміле сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жекелеген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы (қабылданатын міндеттемелер көлемі) немесе жекелеген қайта сақтандыру шарты бойынша қабылданатын міндеттемелер көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нормативтен асып түсетін мәмілені білдіреді.

«Ірі Акционер» акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының (жиынтығында) он және одан да көп пайызы тиесілі акционерлердің арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін акционерді немесе бірнеше акционерлерді білдіреді.

«Тарату комиссиясы» соттың немесе қоғамды тарату туралы жалпы жиналыстың шешімімен тағайындалатын, Қоғамды тарату және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген іс-әрекеттер жасау кезеңінде оны басқару бойынша өкілеттіктері бар комиссияны білдіреді.

«Миноритарлық Акционер» Акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде 10 (он) пайызы тиесілі Акционерді немесе Акционерлерді білдіреді.

«Қоғам» «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр) сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамын білдіреді.

«Уәкілетті орган» - қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

«Жарғылық капитал» Акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген талаптарға сәйкес белгіленетін орналастыру бағалары бойынша құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) және инвесторлар акцияларды олардың номиналдық құны бойынша төлеу арқылы қалыптастыратын Қоғамның капиталын білдіреді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

«Жарғы» қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін осы құжатты және оның ережелерін білдіреді.

2 ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

2.1 Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы

орыс тілінде – Акционерное Общество «Страховая Компания «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»;

ағылшын тілінде – «Sinoasia B&R Insurance» Joint Stock Company;

қытай тілінде – 中亚丝路保险有限公司

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» СК» АҚ

орыс тілінде – АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»;

ағылшын тілінде – Sinoasia B&R Insurance JSC;

қытай тілінде – 中亚丝路保险有限公司

(мұнда және бұдан әрі «Қоғам»)

2.2 Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25Х3D8, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қарасай батыр көшесі, 34/95-үй.

3 ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1 Қоғам акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес заңды тұлға болып табылады. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады. Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларға берілетін барлық құқықтар мен жеңілдіктерді пайдаланады. Қоғамның дербес балансы бар. Қоғам заңды тұлға мемлекеттік тіркелген сәттен бастап оның құқықтарына ие болады. Қоғамның сақтандыру ұйымы ретіндегі құқықтық мәртебесі заңды тұлғаның «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында сақтандыру ұйымы ретінде мемлекеттік тіркелу және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясының болуы арқылы белгіленеді.

- 3.2 Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және қолданылатын халықаралық шарттарды, осы Жарғының ережелерін, Акционерлер жалпы жиналысының шешімдерін және Акционерлер арасында немесе Акционерлер мен Қоғам арасында жасалған, ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін шарттардың ережелерін басшылыққа алады.
- 3.3 Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен филиалдар мен өкілдіктер ашуға, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектеулерді ескере отырып, басқа заңды тұлғаларды құруға және/немесе олардың қызметіне қатысуға құқығы бар.
- 3.4 Қоғам зияткерлік меншікті қоса алғанда, меншік объектілерінің барлық түрлерін өз атынан сатып алуға, иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқылы, сондай-ақ сенімхаттар беруге құқылы.
- 3.5 Қоғам өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріп алынуы мүмкін барлық мүлкімен жауапты болады. Қоғам өз Акционерлерінің борыштары мен міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, ал Акционерлер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде ғана Қоғам қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.
- 3.6 Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен және шетел валютасымен шоттар ашуға құқығы бар.
- 3.7 Қоғамның мөрі, фирмалық атауы, өз атауы бар мөртабандары мен бланкілері болады, олардың үлгілерін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Қоғамның мөрінде Қоғамның атауы болуға тиіс.
- 3.8 Қоғам оған Акционерлер акцияларға ақы төлеу ретінде берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі процесінде сатып алынған мүліктің меншік иесі болып табылады. Қоғам өзіне тиесілі мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді. Қоғам мүлкін қалыптастыру көздері Акционерлердің салымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өнімдерді, жұмыстарды, қызметтерді, сондай-ақ басқа да қызмет түрлерін, кредиттерді, бағалы қағаздардан алынатын табыстарды және басқа да көздерді сатудан түскен табыстар болып табылады. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің мүлкі Қоғамға меншік құқығымен тиесілі болады.
- 3.9 Қоғам шектеусіз мерзімге құрылған.

2-ТАРАУ. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІ

4 ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

- 4.1 Қоғам қызметінің мақсаты келесі негізгі қызмет түрлерін жүзеге асыру арқылы Акционерлер үшін таза табыс алу болып табылады.
- 4.2 Қоғам қызметінің негізгі түрі уәкілетті орган беретін «жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензия негізінде жүзеге асырылатын «жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандыру қызметі болып табылады.
- 4.3 Қоғам жоғарыда көрсетілген сақтандыру қызметіне қосымша кәсіпкерлік қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыра алады:
 - 4.3.1 сақтандыру қызметін реттейтін ҚР заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, инвестициялық қызметті;
 - 4.3.2 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сату;
 - 4.3.3 ақпарат тасымалдағыштардың кез келген түрлерінде сақтандыру және сақтандыру қызметі бойынша арнайы әдебиетті сату;
 - 4.3.4 бұрын өз мұқтажы үшін сатып алынған немесе сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты оның иелігіне түскен мүлікті сатуға немесе жалға беруге;

- 4.3.5 сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
 - 4.3.6 сақтандыру (қайта сақтандыру) саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру және жүргізу;
 - 4.3.7 сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалдығы;
 - 4.3.8 Сақтандыру қызметі туралы ҚР Заңының 13-бабында белгіленген талаптарға сәйкес консорциум немесе жай серіктестік құруға қатысуға;
 - 4.3.9 сақтандыру ұйымдары арасындағы немесе сақтандыру ұйымдары мен ассистанс қызметтерін көрсететін өзге де заңды тұлғалар арасындағы бірлескен қызмет туралы шарт негізінде жүзеге асырылатын ассистанс;
 - 4.3.10 сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу ясында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген қызмет.
- 4.4 Қоғам сақтандыру қызметін (i) уәкілетті орган ұсынатын сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілетін лицензиясы, (ii) сақтандыруды белгілі бір түрі бойынша жүзеге асырудың жалпы талаптарын белгілейтін сақтандыру ережелері және (iii) ішкі ережелер болған кезде ғана жүзеге асыруға құқылы. Лицензияның және (немесе) рұқсаттың болуын талап ететін қызметтің барлық қалған түрлерін Қоғамның қажетті лицензияны және (немесе) рұқсатты алғаннан кейін ғана жүзеге асыруға құқығы бар.

3-ТАРАУ. ҚОҒАМ КАПИТАЛЫ

5 ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

- 5.1 Қоғам акционерлері сатып алынатын акцияларды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен ғана төлейді
- 5.2 Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру және оның мөлшерін өзгерту «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүргізіледі.
- 5.3 Қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 5.4 Қоғам акционерлерінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен акцияларды басымдықпен сатып алуға құқығы бар.
- 5.5 Мәміле нәтижесінде Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі мәселелеріне қатысты заңнама талаптары бұзылмаған жағдайда қоғам акционерлерден өз акцияларын сатып алуға құқылы.
- 5.6. Қоғамның жарғылық капиталы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға тиіс.

4-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

6 ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

- 6.1 Қоғам Сақтандыру қызметі туралы Заңның 25-1-бабында көзделген шарттарға сәйкес келетін акциялар мен қамтамасыз етілмеген облигациялар шығаруға құқылы. Қоғамның барлық бағалы қағаздары белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.
- 6.2 Қоғамның алтын акция шығаруға құқығы жоқ.
- 6.3 Акция бөлінбейді. Бір ғана акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болған жағдайда, олардың барлығы бір Акционер деп танылады және акциямен куәландырылған құқықтарды өзінің ортақ өкілі арқылы пайдаланады.
- 6.4 Қандай да бір үшінші тұлға акцияларды сатып алған кезде мұндай үшінші тұлғаның осы Жарғының ережелеріне сәйкес құқықтары мен міндеттері болады.

- 6.5 Қоғам жай акциялар немесе жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады. Қоғамның артықшылықты акцияларының саны оның жарияланған акцияларының жалпы санының 25%-нан (жиырма бес пайызынан) аспауы тиіс. Бір түрдегі акция, егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзге түрде белгіленбесе, оны иеленетін әрбір Акционерге осы түрдегі акциялардың басқа иелерімен бірдей құқық көлемін береді. Жай акция Акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған кезде дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ ол таратылған кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен береді.
- 6.6 Қоғамның жай акцияларын иеленуші акционердің Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын жай акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алуға құқығы бар, ал Қоғамның артықшылықты акцияларына ие Акционердің Қоғамның артықшылықты акцияларын басымдықпен сатып алуға құқығы бар. Қоғам Акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды, оның ішінде айырбасталатын облигацияларды шығаруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам шығаратын акцияларды сатып алуға опциондар жасасуға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару перспектісімен белгіленеді.
- 6.7 Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде Қоғамның акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарын шығаруға рұқсат етіледі.
- 6.8 Қоғам Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. Артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы шешімді, мұндай айырбастау талаптарын, мерзімі мен тәртібін Акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдау сәтінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылдайды.
- 6.9 Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған бағалы қағаздарды сатуға ниеті бар қоғам бұл жөнінде шешім қабылдаған сәттен бастап 10 (он) күн ішінде өз Акционерлеріне жазбаша хабарлама немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде хабарлама жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған Қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша оларда бар акциялар санына тең талаптармен бағалы қағаздарды сатып алады. Акционер Қоғамның акцияларды орналастыру (өткізу) туралы хабарлаған күнінен кейінгі 30 (отыз) күн ішінде акцияларды немесе Қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.
- 6.10 Жарияланған акцияларды орналастыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциалдық және өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында бұрын сатып алынған акцияларды сатуға ниеті бар Қаржы ұйымы, уәкілетті органның талабы бойынша акцияларды орналастыру туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде өзінің акционерлеріне жазбаша хабарлама немесе қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде хабарлама жариялау арқылы бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша өздерінің қолданыстағы акциялар санына барабар тең талаптармен бағалы қағаздарды сатып алуды ұсынуға міндетті. Акционер қоғамның акцияларды орналастырғаны (өткізгені) туралы хабарлаған күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде акцияларды немесе қоғамның акцияларына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес сатып алуға өтінім беруге құқылы.
- 6.11 Қоғам акция шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін жарияланған акциялар саны шегінде бір немесе бірнеше рет орналастыру арқылы өзінің акцияларын орналастыруға құқылы.

- 6.12 Қоғамның жарғысында акцияларды орналастыру туралы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған жағдайды қоспағанда, қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

Акционерлердің қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында өткізілетін жазылуды немесе аукционды, немесе бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында өткізілетін жазылуды немесе аукционды өткізу арқылы, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) ақшалай міндеттемелерін қоғамның акцияларына айырбастау арқылы акциялар орналастырылады.

- 6.13 Қоғамның директорлар кеңесі төмендегі жағдайларда Жарғының 6.8-тармағының талабын қолданбай-ақ, акционерлердің жалпы жиналысының немесе қоғам жарғысының шешімі негізінде қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 6.13.1 қоғамның директорлар кеңесінің мүшелеріне қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен сыйақы төлеу;
- 6.13.2 қоғам қызметкерлерін қоғамның жай акцияларына айырбасталатын акциялармен немесе басқа да бағалы қағаздармен көтермелеу;
- 6.13.3 Қазақстан Республикасының және (немесе) шет мемлекеттің аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасындағы осы акциялар базалық активі болып табылатын қоғам акцияларын немесе депозитарлық қолхаттарды бастапқы орналастыру.

Қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын қолданбай орналастыру (өткізу) тәртібі, шекті саны мен мерзімдері акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен немесе қоғамның жарғысымен белгіленеді.

7 БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАР ТІЗІЛІМДЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

- 7.1 Орталық депозитарий Қоғам мен Орталық депозитарий арасындағы бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу бойынша қызметтерді көрсету туралы шарттың негізінде Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға тиіс. Орталық депозитарий Қоғамның және оның Үлестес тұлғаларының Үлестес тұлғасы болмауға тиіс.
- 7.2 Қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Акционердің осы Жарғының 10.1.2-тармақшасында көрсетілген Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы осы Акционерге тиесілі орталық депозитарийді және (немесе) номиналды акцияларды ұстаушыны хабардар ету туралы өзінің міндетін орындамауының салдары үшін жауап бермейді.

5-ТАРАУ. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 8.1 Меншігінде жай акциялары бар акционерлердің төменде көрсетілген құқықтарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген барлық құқықтарға ие:
- 8.1.1 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқару және оның қызметіне қатысу;
- 8.1.2 қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетімен немесе басқа акционерлермен қосылып иелену кезінде Директорлар кеңесіне Акционерлік

қоғамдар туралы заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсыну;

8.1.3 дивидендтер алу;

8.1.4 Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде:

талап қойылған күні депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілікті;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған ақпаратты (бұрын акционер сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда);

акционер өтініш жасаған күні орындалатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне қатысты (акционер өтініш жасаған күнге дейін үш жылдан астам) ақпаратты есептемегенде акционерлердің жалпы жиналысында немесе қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға құқылы;

8.1.5 орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан олардың бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;

8.1.6 Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсыну;

8.1.7 Қоғам органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айту;

8.1.8 қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетімен немесе басқа акционерлермен қосылып иелену кезінде қоғам Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген жағдайларда қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілігі бар мәмілелерді жасау (жасасу туралы ұсынысы) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару туралы талаппен өз атынан сот органдарына өтініш жасау

8.1.9 Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салу арқылы өтініш жасау және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде дәлелді жауаптар алу;

8.1.10 Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстарды Қоғам органдарының қарастыруына енгізу;

8.1.11 қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігін иемдену

8.1.12 Акционерлер жалпы жиналысының Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға қатысу;

8.1.13 Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қоғам шығарған Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу;

8.2 Қоғамның дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызы тиесілі Акционердің немесе олардың арасында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше Акционердің («Ірі Акционер») келесі құқықтары бар:

8.2.1 Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы сотқа талап қою;

8.2.2 Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап ету;

8.2.3 Акционердің өз есебінен дербес белгілеген тәуелсіз аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап ету;

8.2.4 бұндай Акционердің есебінен ақылға қонымды мерзімде алдын ала хабарлама бере отырып әдеттегі жұмыс сағаты ішінде кез келген уақытта Қоғамның кез келген объектілеріне, оның ішінде оның бухгалтерлік кітаптары мен құжаттарына толық және кедергісіз қол жеткізу, сондай-ақ Қоғамның лауазымды тұлғаларымен және аудиторымен кез келген мақсатта жеткілікті негіздермен істерді талқылау, алайда, осы тармаққа сәйкес Қоғам коммерциялық құпия немесе құпия ақпарат болып саналатын ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік берген жағдайда, мұндай Акционер бұндай ақпаратты алғанға дейін Қоғамның ақпаратты жарияламау және конфиденциалдылық туралы (егер конфиденциалдылық бойынша міндеттеме әлі қабылданбаса) стандартты келісіміне қол қоюға тиіс. Осы тармақ Акционерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес иеленуі мүмкін ешқандай құқықтарды шектемейді. Бұдан басқа, Қоғам жоғарыда көрсетілгендерді шектемей, Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісінде, Акционерлердің жылдық жалпы жиналыстарында және Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарында Қоғамның істері туралы ақпаратты негізді түрде жария болуын қамтамасыз етуге және беруге міндеттенеді. Егер сақтандыру шарттарында өзгеше белгіленбесе, бұл тармақ Акционерге сақтандыру құпиясын құрайтын мәліметтерді беруге қолданылмайды.

8.3 Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес немесе одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен қосылып иеленетін акционерлер бір уақытта төмендегі талаптар болған кезде Директорлар кеңесінің және (немесе) қоғамның атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындылары бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты алуға құқылы:

директорлар кеңесі және (немесе) қоғамның атқарушы органы мүшесінің өзі (өздері) немесе оның үлестес тұлғалары пайда (табыс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін соттың анықтауы;

егер директорлар кеңесінің және (немесе) қоғамның атқарушы органының осы мүшесінің жасықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі қоғамның залалдарының туындауына себепші болуы дәлелденсе.

8.4 Осы Бапта көзделген Акционерлердің құқықтарының тізімі толық болып табылмайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа құқықтарды пайдалана алады.

9 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ - АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

9.1 Артықшылықты акциялардың меншік иелері - Акционерлер – жай акциялардың меншік иелері алдында осы Жарғыда белгіленген алдын ала белгіленген кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғамды тарату кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігін иеленуге басым құқығы бар. Дивидендтерді төлеу мерзімі – тоқсан сайын тең үлестермен. Бір артықшылықты акцияға дивидендтердің мөлшері осы Жарғыда белгіленген.

9.2 Артықшылықты акцияның меншік иесі болып табылатын Қоғам Акционерінің Акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу туралы жазбаша хабарламалар алуға, күндізгі тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысуға және Акционерлердің жалпы жиналысы қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар.

9.3 Артықшылықты акция «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

9.4 Артықшылықты акция төмендегі жағдайларда Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді:

9.4.1 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі бойынша артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектей алатын мәселені қарастырады. Мұндай мәселе бойынша шешім орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде)

артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) шектеуге дауыс берген жағдайда ғана қабылданды деп есептеледі;

- 9.4.2 Қоғам осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта артықшылықты акцияларды сатып алған кезде оның құнын белгілеу әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмесе, оны бекіту) туралы мәселені қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қарастырады;
- 9.4.3 Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;
- 9.4.4 артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзімінен кешіктірілген күннен кейінгі 3 (үш) ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.
- 9.5. Осы Жарғының 9.4-тармағының 9.4.3) тармақшасында көзделген жағдайда акционердің - артықшылықты акциялардың меншік иесінің қоғамды басқаруға қатысу құқығы өзіне тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд толық мөлшерде төленген күннен бастап тоқтатылады.

10 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

10.1 Акционерлер:

- 10.1.1 акцияларды төлеуге;
- 10.1.2 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қоғамның орталық депозитарийін және (немесе) осы Акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге;
- 10.1.3 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;
- 10.1.4 Үлестес болған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде Қоғам Басқармасына өзінің Үлестес тұлғалары туралы ақпарат беруге;
- 10.1.5 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға;
- 10.1.6 Акционерлер арасындағы және (немесе) Акционерлер мен Қоғам арасындағы келісімге (келісімдерге) сәйкес міндеттерді орындауға міндетті.
- 10.2 Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру ұйымының (Қоғамның) ірі қатысушылары болып табылатын акционерлер Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес белгіленген талаптарды сақтауға және міндеттерді орындауға міндетті.
- 10.3 егер Акционерлер арасындағы және (немесе) Акционерлер мен Қоғам арасындағы келісім (келісімдер) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналыстарының шешімдеріне қайшы келмесе Акционерлер арасындағы өзара қарым-қатынастар осы келісімдермен реттелуі мүмкін.

11 ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

- 11.1 Қоғам тоқсан сайын, жарты жылда бір рет немесе жылдың қорытындысы бойынша дивидендтер төлеуді жариялауға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысы жай акциялар бойынша тоқсандық және жартыжылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімдер қабылдайды және жыл қорытындылары бойынша дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға есептегенде дивидендтің мөлшерін белгілейді. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін белгілейді және бір жай акцияға есептегенде жылдың қорытындылары бойынша дивидендтің мөлшерін белгілейді. Барлық дивидендтер әрбір Акционердің меншігіндегі акциялардың санына барабар төленуге тиіс. Жай акцияларға дивидендтердің мөлшерін Директорлар кеңесі ұсынады. Жай акциялар бойынша қандай да бір төленетін дивидендтердің мөлшерін бекіту кезінде Акционерлердің жалпы жиналысы төлеуге тиісті қандай да бір салықты ескерусіз,

дивидендтердің жалпы сомасы туралы хабарлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

- 11.2 Дивидендтер төлеу туралы шешімде келесі ақпарат болу қажет:
- 11.2.1 Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де деректемелері;
 - 11.2.2 дивидендтер төленетін кезең;
 - 11.2.3 бір жай акцияға есептегенде дивиденд мөлшері;
 - 11.2.4 дивидендтер төлеудің басталған күні;
 - 11.2.5 дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.
- 11.3 Дивидендтер алуға құқығы бар Акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.
- 11.4 Акционер Қоғамның бұндай дивидендтерді төлеу бойынша берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы. Дивидендтерді төлеу үшін белгіленген мерзімде дивиденд төленбеген жағдайда Акционерге ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы мен өсімпұл төленеді. Дивидендтер Қоғамның өзі орналастырмаған немесе сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.
- 11.5 Төменде көрсетілген жағдайларда Қоғамның жай акциялары (және артықшылықты акциялар бойынша, Қоғам артықшылықты акциялар шығарған кезде) бойынша дивидендтер есептеуге рұқсат берілмейді:
- 11.5.1 меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 11.5.2 егер Қоғам Қазақстан Республикасының Банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне ие болса немесе көрсетілген белгілер қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болса;
- 11.6.3. «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда;
- 11.6 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қоғам органының шешімін талап етпейді. Артықшылықты акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшері осы кезең үшін жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерінен және артықшылықты акцияларға дивидендтердің кепілдік берілген мөлшерінен кем болмауға тиіс. Артықшылықты акцияға жылына дивидендтердің кепілдік берілген мөлшері Қоғам жариялайтын артықшылықты акцияны орналастыру бағасының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің (қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің) сомасына және 0,5 пайызға көбейтіндісін құрайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі Қоғам артықшылықты акциялар эмиссиясының тиісті проспектісін шығаратын айдың бірінші күніне қабылданады.
- 11.7 Дивидендтер төлеу акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.
- 11.8 Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталар алдындағы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қоғам 11.2.1, 11.2.2, 11.2.4 және 11.2.5-тармақшаларда көрсетілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтерді төлеу туралы ақпаратты, сондай-ақ Қоғамның

бір артықшылықты акциясына есептелген дивидендтің мөлшерін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

6-ТАРАУ. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ҚҰЗЫРЕТІ

12 ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

12.1 Қоғамның органдары:

- 12.1.1 жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;
- 12.1.2 басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 12.1.3 атқарушы орган – Басқарма;
- 12.1.4 бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

12.2 Акционерлердің жалпы жиналысы өзге де органдар құруға құқылы, бұл жағдайда осы Жарғыға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

13 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

13.1 Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады.

13.2 Қоғам Акционерлердің жылдық жалпы жиналыстарын және Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстарын өткізеді. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуге тиіс. Есепті кезеңде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда көрсетілген мерзім үш айға дейін ұзартылды деп есептеледі.

13.3 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қоғам органдары «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында:

- 13.3.1 Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі;
 - 13.3.2 Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшері белгіленеді;
 - 13.3.3 Акционерлердің Қоғамның немесе оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қарастырылады;
 - 13.3.4 Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам Акционерлерін Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының мүшелерінің сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы хабардар етеді.
 - 13.3.5 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешімдер қабылдауы Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіретін басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.
- 13.4 Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
- 13.4.1 осы Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 13.4.2 егер кодекстің қабылдануы жарғымен көзделсе, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
 - 13.4.3 артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай-ақ, қоғамның орналастырылатын (іске асырылатын) акцияларының немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдері мен жалпы санын белгілеу;
 - 13.4.4 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 13.4.5 Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- 13.4.6 қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін белгілеу, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 13.4.7 қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау
- 13.4.8 орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, бұндай айырбастау талаптарын, мерзімін және тәртібін белгілеу;
- 13.4.9 акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, бұндай бөлшектеу талаптарын, мерзімін және тәртібін белгілеу;
- 13.4.10 мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару талаптарын белгілеу;
- 13.4.11 Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау), сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеудің мөлшері мен талаптарын белгілеу;
- 13.4.12 Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 13.4.13 егер есеп комиссиясын құру Қазақстан Республикасының заңдары бойынша талап етілсе, есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 13.4.14 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын Аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 13.4.15 Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Акционерлерді Қоғамның хабардар ету нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 13.4.16 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 13.4.17 Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 13.4.18 есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13.4.19 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 13.4.20 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 13.4.21 Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Қоғамның өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімді бекіту;
- 13.4.22 Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде егер мұндай тәртіп осы Жарғыда белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;
- 13.4.23 Аудиторлық ұйымның есептері мен сараптамалық қорытындыларын бекіту;
- 13.4.24 Қоғамның Резервтік капиталын және өзге қорларын құру мен пайдалануды бекіту;
- 13.4.25 қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 13.4.26 нәтижесінде оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылданған күні нәтижесінде акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;

13.4.27 шешім қабылдауы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

13.5 13.4.2-13.4.5, 13.4.20-тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері жиналысқа ұсынылған қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысының 13.4.10-тармақшада көрсетілген мәселе бойынша шешімі қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Егер Акционерлік қоғамдар туралы заңда немесе Жарғыда өзге жағдай белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

13.6 Акционерлердің жалпы жиналысы 13.4.8-тармақшада көрсетілген мәселе бойынша орналастырылған акциялардың бір түрінің басқа түрдегі акцияларға айырбастауға қатысты шешім қабылдаған кезде, орналастырылған артықшылықты акциялардың (сатып алынған акцияларды шегере отырып) жалпы санының кемінде үштен екісі бұндай шешімге дауыс берген жағдайда ғана артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім қабылданды деп есептеледі.

13.7 Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзге жағдай көзделмесе, шешімдер қабылдауы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

13.8 Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша қоғамның өзге де органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

13.9 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің, Ірі Акционердің бастамасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда шақырылады. Ерікті тарату процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Тарату комиссиясы шақыруы, дайындауы және өткізуі мүмкін.

14 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

14.1 Акционерлердің жалпы жиналысын:

- Басқарма;
- оған жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий;
- Директорлар кеңесі; немесе
- Қоғамның тарату комиссиясы дайындайды және өткізеді.

14.2 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін орталық депозитарий Қоғам акцияларын ұстаушыларының тізімдері жүйесінің деректері негізінде жасайды. Көрсетілген тізімді жасау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді. Акционерлер тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді уәкілетті орган белгілейді. Егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға Қоғамның өзіне тиесілі дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарса, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа Акционерге ауысады. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

14.3 Акционерлерге күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарланады, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында, шешімді өткізу кезінде бір немесе одан да көп акционерге хабарлау үшін пошта байланысы

құралдары пайдаланылған кезде жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей хабарланады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек және (немесе) оларға жазбаша хабарламалар жіберу арқылы Акционерлердің назарына жеткізілуге тиіс.

14.4 Күндізгі немесе аралас дауыс беру арқылы шешім қабылданатын Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

14.4.1 Қоғамның толық атауы және Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері;

14.4.2 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

14.4.3 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты;

14.4.4 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімі жасалған күн;

14.4.5 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;

14.4.6 Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) таныстыру тәртібі;

14.4.7 егер бірінші жиналыс өтпесе, өткізілуге тиіс Акционерлердің қайталама жалпы жиналысын өткізу күні мен уақыты;

14.4.8 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;

14.4.9 сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;

14.4.10 оларға сәйкес жалпы жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей Акционерлердің танысуы үшін дайын болу керек, ал Акционер сұрау салған кезде - оған сұрауды алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап жіберілу қажет; құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу бойынша шығыстарды Акционер көтереді.

14.5 Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

14.5.1 қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;

14.5.2 қоғам акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;

14.5.3 қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күн;

14.5.4 сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күндері;

14.5.5 сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;

14.5.6 қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;

14.5.7 қоғам акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен таныстыру тәртібі;

14.5.8 дауыс беруді өткізу тәртібі;

14.5.9 қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

14.6 Миноритарлық Акционер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде басқа Акционерлермен бірігу мақсатында арнайы депозитарийге өтініш жасауға құқылы.

Миноритарлық Акционердің өтініш жасау және орталық депозитарийдің ақпаратты басқа Акционерлерге тарату тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жиынтығымен белгіленеді.

14.7 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс. Күндізгі тәртіппен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашқан кезде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған барлық ұсыныстар туралы баяндауға міндетті. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналысқа ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне:

14.7.1 егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын Акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында кемінде 95% (тоқсан бес пайызын) иелік ету талабымен оларды енгізуге қолдап дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14.7.2 Қоғамның акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар енгізілуі мүмкін;

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

14.8 Егер Акционерлердің жалпы жиналысы Жарғыға сәйкес шақырылса және өткізілсе және егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте (барлық бюллетеньдерді ұсыну күніне немесе акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күнге) Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында 50 (елу) және одан да көп пайызын иеленетін, оған қатысуға және оған дауыс беруге құқығы бар Акционерлер тізіміне енгізілген Акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша шешімдерді қарастыруға және қабылдауға құқылы. Егер Акционерлерді тіркеу аяқталған сәтте кворум ұсынылмаса, Акционерлердің өткізілмеген жиналысының орнына өткізілетін қайталама Жалпы жиналысы:

14.8.1 кворумның болмауы себебінен өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса; және

14.8.2 сайта жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында 40 (қырық) және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер (немесе олардың өкілдері) (оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер) тіркелсе күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

15 АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

15.1 Акционерлердің жалпы жиналысын күндізгі тәртіппен өткізу тәртібі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі ережесін реттейтін құжаттарына немесе тікелей Акционерлер жалпы жиналысының шешіміне сәйкес белгіленеді.

15.2 Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген Акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі.

Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысының кворумын белгілеу кезінде сырттай дауыс берген акционерлердің (акционер өкілдерінің) бюллетеньдері ескеріледі.

Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды белгілеу кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқылы емес. Артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын Қоғамның акционері Акционерлердің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысына қатысуға және өзі қарастыратын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.

15.3 Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын таңдайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің назарына оларды қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ немесе орыс тілдерінде жариялау немесе Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде әрбір Акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізіледі.

15.4 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру келесі жағдайларды қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:

15.4.1 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда бір Акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең жоғары санын шектеу;

15.4.2 Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;

15.4.3 Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқығы бар әрбір тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге қатысты процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

Кумулятивтік дауыс беру кезінде акциялар бойынша берілетін дауыстарды Акционер талпығымен Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін беруі немесе Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөлуі мүмкін. Ең көп дауыс берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланды деп танылады.

15.5 Егер Акционерлердің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі – жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуға тиіс. Акционердің өзі бюллетенге қол қойған ниет білдірген жағдайды қоспағанда, оның ішінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талап қою мақсатында Акционер жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қоймайды.

Жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушілер бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мақсатталған нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

15.6 Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы Акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) немесе Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізбей қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде сырттай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер Акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады), оны Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізімдері жүйесінің деректері негізінде Қоғамның тіркеушісі жасайды. Мұндай тізімді құрау күні Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап белгіленбейді.

15.7 Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер Акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісі өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 45 (күзек бес) күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс. Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында жекелеген Акционерлерге

сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдерді сайлап жіберуге құқығы жоқ. Сырттай дауыс беру бюллетенінің мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

15.9. Сырттай дауыс беру нәтижесінде алынған дауыстарды санау кезінде Акционер бюллетенінде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша ғана дауыстар ескеріледі. Сырттай дауыс беру бюллетені жеке тұлға болып табылатын Акционердің немесе заңды тұлға болып табылатын Акционер басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолынсыз, сондай-ақ Акционер - жеке тұлғаның мөрінсіз жарамсыз деп есептеледі.

15.10. Акционерлердің күндізгі тәртіппен өткізілетін жалпы жиналысының хаттамасына:

15.9.1 акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқа мүшелері) мен хатшысы;

15.9.2 есеп комиссиясының мүшелері (болған кезде) қол қою керек;

15.11. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер есеп комиссиясын сайлау талап етілмеген жағдайда - акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.

15.12. 15.9 және 15.10-тармақшаларда көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен сәйкесіз жағдайда, осы тұлға хаттамаға қоса тіркелуге жататын бас тарту себебіне жазбаша талқылама бере отырып, оған қол қоюдан бас тартуға құқылы.

16. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

16.1. Осы Жарғыда және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысын Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның Директорлар кеңесі сайлайды.

16.2. Директорлар кеңесі кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Директорлар кеңесі мүшесінің Акционерлік қоғамдар туралы ҚР заңына немесе қоғамның жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленеді. Директорлар кеңесінің кандидаттары мен мүшелерінің кез келген шамағалығы және (немесе) бодандығы болуы мүмкін.

16.2.1. Директорлар кеңесінің төрағасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы емес. Аталған тыйым салу директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі лауазымына сайланған, тәуелсіз директор болып табылатын, ол сайланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы тұлғаға қолданылмайды.

16.2.2. Тәуелсіз директор болып табылатын директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшесі келісілген кезде, ол сайланғаннан кейін құжаттар 16.2.1-тармақшада белгіленген мерзімде уәкілетті органға келісуге ұсынылуы тиіс.

16.2.3. Қоғаммен айрықша қатынастағы тұлға болып табылатын және (немесе) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры лауазымына оны келісу туралы етініш берілген күннің алдындағы үш жыл ішінде Қоғаммен айрықша қатынастағы тұлға болып табылатын тұлға Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры бола алмайды.

16.3. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Директорлар Кеңесіне:

- Жеке тұлғалар болып табылатын Қоғамның акционерлері,

- Акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар және

қоғамның акционері болып табылмайтын және акционердің өкілі ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлғалар сайлануы мүмкін.

Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелерін Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде сайлауға болмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алады. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар кеңесіне тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектелмей қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесі сайланатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу сәтінде аяқталады. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалпы жиналыста ұсынылған акционерлердің құрылымдық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталған кезде бір мезгілде аяқталады.

Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, сондай-ақ осы Жарғыда белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

7 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

7.1 Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне:

7.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

7.1.2 акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

7.1.3 акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын белгілеу;

7.1.4 жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

7.1.5 Жарғының 6.12-тармақшасында көзделген жағдайларда қоғамның акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

7.1.6 Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

7.1.7 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

7.1.8 директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7.1.9 Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7.1.10 Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма Төрағасын және оның мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7.1.11 Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақылары мен еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын белгілеу;

- 17.1.12 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде олардың қызметін қадағалау және бақылау, Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау және ауыстыру;
 - 17.1.13 Қоғамның филиалдары, өкілдіктері және өзге де құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту;
 - 17.1.14 Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы туралы шешім қабылдау;
 - 17.1.15 акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау
 - 17.1.16 жасасуға Қоғам мүдделі Ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
 - 17.1.17 актуарийдің алдын ала қорытындысы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша ірі мәміле жасау туралы шешімді бекіту.
 - 17.1.18 Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 17.1.19 Қоғамның Аудиторлық ұйымының, сондай-ақ ірі мәміленің нысаны бодып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін белгілеу;
 - 17.1.20 Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын белгілеу;
 - 17.1.21 корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы талаптарын белгілеу;
 - 17.1.22 Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Қоғамның аукциондарын және бағалы қағаздарына жазылуды өткізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 17.1.23 Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты белгілеу;
 - 17.1.24 Қоғамның фирмалық атауы бар мөрлердің, мөртабандардың және бланкілердің үлгілерін бекіту;
 - 17.1.25 Қоғамның сақтандыру ережелерін және ішкі ережелерін бекіту; және
 - 17.1.26 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер кіреді.
- 17.2 осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының заңнамасында Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерге қосымша Қоғамның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметі, актуарий, аудиторлық ұйым белгілеген қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша заңнама талаптарының бұзылуына байланысты мәселелерді және актуарийдің өкілеттіктерін тағайындауға және тоқтатуға байланысты мәселелерді, сондай-ақ қоғамның қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша актуарийдің лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы талаптарын белгілеу.
- 17.3 Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқармаға шешу үшін берілмейді. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған

мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

17.4 Директорлар кеңесі Басқармадан Қоғам істерінің жай-күйі туралы есеп сұратуға құқылы. Директорлар кеңесі жекелеген мәселелерді тексеру бойынша міндеттерді Директорлар кеңесі мүшелерінің біріне жүктей алады немесе белгілі бір мәселелерді анықтау үшін мамандарды тартуға құқылы.

17.5 Директорлар кеңесі:

17.5.1 лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалайды және мүмкіндігінше жояды;

17.5.2 қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылайды.

17.6 Директорлар кеңесі мен Басқарма тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша сәйкес жүйесінің болуын қамтамасыз етеді және ұйым қызметкерлерінің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы өзінің міндеттерін орындауы үшін жағдай жасайды, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің функционалдық және ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді.

17.7 Директорлар кеңесі уәкілетті органның талаптарын іске асыру мақсатында Қоғам қызметінің мөлшеріне, сипатына және күрделілік деңгейіне, ұйымдық құрылымына, тәуекелдер бейініне және Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің санына байланысты әртүрлі мәселелер бойынша бір және (немесе) бірнеше алқалы орган құру туралы шешім қабылдайды. Ұйымның директорлар кеңесі комитеттерді құру кезінде мүдделер қақтығысын болдырмайды. Директорлар кеңесі кеңестер мен басқармалардың жұмысын олардың жұмыс нәтижелері туралы жыл сайынғы есептері негізінде бағалайды.

17.8 Тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі:

17.8.1 тәуекелдерді басқару бойынша саясатты және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша ішкі құжаттарды бекітеді;

17.8.2 жыл сайын Қоғамның тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды бекітеді және Қоғамның тәуекелдерді бағалау жүйесі коэффициенттерінің стандартты диапазонның бекітілген шегінен төрт және одан да көп ауытқулары болған жағдайда, Қоғамның тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекітеді немесе тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу қажеттілігінің болмауы туралы шешім қабылдайды;

17.8.3 корпоративтік басқаруға қатысты:

алқалы органдардың, ішкі аудит қызметінің, басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;

басшы қызметкерлердің функционалдық міндеттерінде мүдде қақтығыстарының ықтималдығын төмендету бойынша шаралар қолданады;

ұйыммен айрықша қатынастағы тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беру фактісін тексеруді қамтамасыз етеді;

Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын өзге мәселелер;

17.8.4 стратегиялық мақсаттарды түзету мақсатында:

Қоғамның тәуекелдерді басқару бөлімшесі немесе функциясына көрсетілген талдау жүргізу тиісті өзге құрылымдық бөлімше жүргізген капиталға ағымдағы (болашақ) қажеттіліктерін талдау; анықталған сәйкессіздіктерді көрсете отырып, ішкі (сыртқы) аудиторлардың өздері жүргізген тексерулердің нәтижелері бойынша есебі, сондай-ақ олардың ұсынымдары;

Қоғам активтерін инвестициялау бойынша жүргізілген операциялардың (мәмілелердің) нәтижелері бойынша активтер мен пассивтерді басқару бойынша кеңестің (инвестициялық қызметке жауапты бөлімшенің) есебі (қаржы құралдарын түрлері бойынша топтастыра отырып және баланстық, нарықтық құнын, кірістілігін, сатып алу және сату сомасын көрсете отырып);

17.8.5 тәуекелдерді басқаруға қатысты:

корпоративтік стратегияға, саясатқа, процедуралар мен ішкі құжаттарға қайшы келетін операцияларды жасау мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ оларды түзету мақсатында құрылған алқалы органдар, ішкі аудит қызметі және құрылымдық бөлімшелер арқылы Қоғам қызметінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады;

- ішкі аудит қызметі, тәуекелдерді басқару бөлімшесі функцияларының ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;
- уәкілетті органның шараларды, оның ішінде кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарының орындауын бақылауды жүзеге асырады;
- уәкілетті органның талаптары орындалмаған, анықталған кемшіліктер уақтылы жойылмаған (жойылмаған) жағдайда орындалмау (жойылмау) себептерін анықтайды және жауапты қызметкерлерге тиісті шаралар қолданады;
- қабылданатын тәуекелдерді лимиттеуді жүзеге асырады және мәмілелерге (операцияларға) шектеулер белгілейді;
- тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту кезінде ұйым тоқсан сайынғы негізде жоспардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.
- 17.9 Директорлар кеңесі андеррайтинг тәуекелін тиімді басқару мақсатында:**
- 17.9.1 андеррайтинг бойынша саясатты бекітеді;
- 17.9.2 міндеттемелер сомасы (сақтандыру сомасы) немесе сақтандыру төлемінің мөлшері ұйымның сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі шегеріле отырып, активтер сомасының жиырма бес пайызынан асатын, сюрвейер (болған кезде) мен андеррайтердің (андеррайтинг бойынша бөлімшенің), актуарийдің, тәуекелдерді басқару бөлімшесінің қорытындылары негізінде жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды;
- 17.9.3 сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу туралы шешімді сақтандыру делдалына, андеррайтеріне (андеррайтинг бойынша бөлімше), басқармаға, андеррайтинг кеңесіне, директорлар кеңесі қабылдайтын сақтандыру сыныптарына (түрлеріне) қатысты жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша жауапкершілік лимиттерін (сақтандыру сомаларын) жылына кемінде бір рет белгілейді және қайта қарайды;
- 17.9.4 сақтандыру ережелерін сақтандырудың әрбір түрі бойынша жеке бекітеді.
- 17.10 Директорлар кеңесі тәуекелдерді тиімді басқару және ішкі бақылау мақсатында келесі ішкі құжаттарды бекітеді:**
- 17.10.1 корпоративтік стратегия;
- 17.10.2 ұйымның ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ереже;
- 17.10.3 басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу бойынша ішкі саясат;
- 17.10.4 есеп саясаты;
- 17.10.5 басқарушылық есептілікті ұсыну мерзімі мен нысандары туралы ереже.
- 17.11 Директорлар кеңесі қайта сақтандыру тәуекелін тиімді басқару мақсатында:**
- 17.11.1 қайта сақтандыру бойынша саясатты;
- 17.11.2 шешім қабылдауды басқарма, андеррайтингтік кеңес немесе директорлар кеңесі жүзеге асыратын шығыс қайта сақтандыру шарттарының лимиттері (түрлері) (оған сәйкес ұйым сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандыруға беретін қайта сақтандыру шарты).
- 17.12 Директорлар кеңесі сақтандыру төлемдерінің тәуекелдерін басқару аясында шешімдер қабылдау Директорлар кеңесінің, активтерді және пассивтерді басқару бойынша кеңестің, басқарманың, төлемдер бойынша бөлімшелердің, сондай-ақ ұйымның филиалдарының құзыретіне жататын сақтандыру төлемдерінің лимиттерін бекітеді.**
- 17.13 Директорлар кеңесі сақтандыру резервтерінің жеткіліксіздігі тәуекелін тиімді басқару мақсатында:**
- 17.13.1 сақтандыру резервтерін қалыптастыру саясатын;
- 17.13.2 сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау бойынша ішкі процедураларды бекітеді.
- 17.14 Директорлар кеңесі операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында:**
- 17.14.1 операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару бойынша саясатты бекітеді;
- 17.14.2 Қоғамның операциялық тәуекелдерін, ілеспе тәуекелдерін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингілеуді және бақылауды қамтамасыз етеді;
- 17.14.3 төтенше жағдайларға және Қоғам қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және оған өзгерістер енгізуге арналған жоспарды бекітеді.
- 17.15 Директорлар кеңесі комплаенс-тәуекелді тиімді басқару мақсатында:**
- 17.15.1 Қоғамдағы комплаенс-тәуекелді басқаруға жалпы бақылауды жүзеге асырады;
- 17.15.2 комплаенс-тәуекелді басқару бойынша саясатты бекітеді;

- 17.15.3 комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастыру мен үйлестіруге жауапты комплаенс-бақылаушыны лауазымға тағайындайды;
- 17.15.4 Қоғамдағы комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімділігін жылына кемінде бір рет бағалайды;
- 17.15.5 комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелерін тиімді және жедел шешуді қамтамасыз етуді қоса алғанда, комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша саясаттың іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.

18 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСТЕРІН ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

18.1 Директорлар кеңесінің Төрағасы өзінің бастамасы бойынша немесе Басқарманың бастамасы бойынша немесе Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Аудиторлық ұйымның немесе Қоғамның Ірі Акционерінің кез келген мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесінің мәжілістерін шақырады. Директорлар кеңесінің мәжілістері практикалық қажеттілікке сүйене отырып, талап етілгендей жиі өтуі тиіс.

18.2 Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады. Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы көрсетілген талаппен Басқармаға өтініш жасауға құқылы, ол Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің мәжілісі көрсетілген талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

18.3 Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар мәжілістің күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен қоса отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс. Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарламада мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі қамтылуға тиіс

Директорлар кеңесінің мүшесі оның Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатысуының мүмкін еместігі туралы Басқарма Төрағасын алдын ала хабардар етуге міндетті.

18.4 Директорлар кеңесі өзінің мәжілісін Директорлар кеңесінің барлық мүшелері немесе олардың өкілдері қол қойған жазбаша шешімдер арқылы, телеконференциялар, бейнеконференциялар жолымен немесе Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне қолжетімді және Интернет-технологияларды пайдалана отырып немесе телефон арқылы жіберілген немесе алынған хабарламалардың дұрыстығын қамтамасыз ететін кез келген басқа байланыс құралдарын пайдалана отырып өткізуге құқылы. Мұндай отырыстар жоғарыда 18.1-18.3. тармақтарда белгіленген процедураларға сәйкес өткізіледі, бірақ кез келген жағдайда мұндай процедура Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің күн тәртібі және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобасы туралы хабардар болуын және олардың әрқайсысының барлық қажетті құжаттармен танысуға мүмкіндігі болуын қамтамасыз етуге тиіс; күн тәртібі бойынша ұсыныстар беруге және белгілі бір мәселелерді енгізуді талап етуге; және Директорлар кеңесінің барлық мүшелері күн тәртібіндегі өзгерістер және қаралатын мәселелер бойынша басқа мүшелердің пікірлері (өтініштері) туралы дауыс беру басталғанға дейін хабардар етілгенін хабарлайды.

Осы 18.4-тармаққа сәйкес өткізілетін мәжілісте қабылданған барлық шешімдерді мәжіліс хатшысы Мәжіліс хаттамасында тіркеуге тиіс. Хаттамаға мәжіліске қатысқан Директорлар кеңесінің барлық мүшелері немесе олардың өкілдері мәжілістен кейін күнтізбелік 14 күн ішінде қол қоюға тиіс.

18.5 Директорлар кеңесі, егер оның мәжілісіне Директорлар кеңесінің үш (3) мүшесінің кемінде екеуі (2) қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің бұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

- 18.6 17.1-тармақта баяндалған мәселелер бойынша барлық шешімдер Директорлар кеңесі мүшелерінің әдеттегі көпшілік дауысымен қабылданады. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беруге қойылған әрбір ұсыныс бойынша бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіппен өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдері мәжілісте төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы мәжіліс өткізілген күннен кейінгі 7 (жеті) күн ішінде жасауға және қол қоюға тиіс хаттамамен ресімделеді. Директорлар кеңесі мәжілісі хаттамасының мазмұнына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді.
- 18.7 Директорлар кеңесі сондай-ақ Директорлар кеңесінің қарастыруына ұсынылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға өкілетті.
- Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне үлестіріледі (таратылады). Дауыс беруге арналған бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне 3 (үш) жылдан кешіктірілмей жіберілуге тиіс бюллетеньдер Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс кезек күттірмейтін мәселелерді қоспағанда, Директорлар кеңесінің мәжілісі өткізілетін күнге дейін немесе дауыстарды санау күніне дейін кемінде 48 (қырық сегіз) сағат ішінде немесе Директорлар кеңесінің барлық мүшелерімен бірауыздан келісілуі мүмкін өзге мерзім ішінде жіберілуі тиіс.
- Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісі арқылы шешім жазбаша түрде ресімделуі керек және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қол қоюға тиіс. Шешім ресімделген күннен кейінгі 20 (жиырма) күн ішінде ол осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса ұсына отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.
- 18.8 Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:
- 18.8.1 Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері;
 - 18.8.2 мәжілісті шақыруға бастамашы болған тұлға туралы мәліметтер;
 - 18.8.3 сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер ұсынылатын соңғы күні (немесе шұғыл мәселелерге қатысты күні мен уақыты);
 - 18.8.4 Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні (немесе шұғыл мәселелерге қатысты күні мен уақыты);
 - 18.8.5 Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі;
 - 18.8.6 егер Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінде Басқарма Төрағасын сайлау туралы мәселелер қамтылса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттары;
 - 18.8.7 дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымы;
 - 18.8.8 Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «қолдап», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен көрсетілген дауыс беру нұсқалары;
 - 18.8.9 күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру; және
 - 18.8.10 егер Директорлар кеңесінің күн тәртібінде Басқарма Төрағасын сайлау немесе басқа жеке немесе заңды тұлғаларды сайлау (тағайындау) туралы мәселе қамтылса, жеке кандидатқа берілген дауысты көрсету үшін белгі қоюға арналған жолдардың болуы.
- 18.9 Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және әрбір қарастырылған мәселе бойынша дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ескеріледі. Директорлар кеңесі мүшесінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
- 18.10 Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі жазбаша түрде ресімделуге тиіс және осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті мөлшерде Директорлар кеңесі мүшелерінің қолдары болған кезде жарамды деп танылады

- 18.11 Кез келген Акционер Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің құзыреті аясындағы Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар бере алады. Мұндай ұсыныстар жазбаша түрде ұсынылуы керек және Директорлар кеңесінің Төрағасына жолдануы тиіс. Директорлар кеңесі Акционердің ұсыныстарына тиісті назар аударуға тиіс және Акционерді Директорлар кеңесінің шешімі туралы жазбаша түрде хабардар ету керек.

19 БАСҚАРМА

- 19.1 Ағымдағы қызметке басшылықты Басқарма жүзеге асырады.
- 19.2 Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне енгізілмеген Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруге жол берілмейді. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың бұндай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам оның Басқармасы белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына дау айтуға құқылы.
- 19.3 Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, осы Жарғыда, Директорлар кеңесінде, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген барлық талаптардың сақталуына жауап береді.
- 19.4 Басқарма барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда әрбір айдың соңынан бастап 30 (отыз) күн ішінде Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі үшін қолайлы нысан бойынша есеп береді, ол Қоғамға немесе оның кәсіпкерлік қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін кез келген оқиғаның сипаттамасын және бұндай ай ішінде Қоғамның қызметіне қатысты басқа да ақпарат пен деректерді қамтиды. Бұдан басқа, Басқарма Директорлар кеңесіне ай сайынғы және басқа да есептерді Директорлар кеңесі негізді талап ететіндей ақпаратты енгізе отырып, нысан бойынша ұсынады. Ай сайынғы есеп (саналы түрде мәні толық ашылған) бұндай есепті кезеңге қатысты нақты сандарды бюджетпен салыстыруды қамтуы тиіс; және
- барынша қысқа мерзімде, бірақ әрбір қаржы жылы басталғанға дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей Басқарма Директорлар кеңесіне келесі қаржы жылына арналған бюджетті және бизнес-жоспарды ұсынады. Басқарма жыл сайын Директорлар кеңесімен кеңес бере отырып, Қоғам үшін жұмыстардың жоспары мен бюджетін («Жылдық жоспар») белгілейді. Келесі жылға арналған жылдық жоспар бұндай Жылдық жоспарға тиесілі қаржы жылының бірінші күніне дейін 30 (отыз) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесіне бекітуге беріледі.
- 19.5 Кез келген Акционер Басқармаға Басқарма құзыретінің аясындағы Қоғам қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар бере алады. Мұндай ұсыныстар жазбаша түрде ұсынылуы керек және Басқарма Төрағасына жолдануы тиіс. Басқарма Акционердің ұсыныстарына тиісті назар аударуға тиіс және Акционерге Басқарманың шешімі туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс.
- 19.6 Басқарма мүшелерінің саны Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді. Басқармаға сайланатын тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленеді. Басқарма төрағасы мен басқарма мүшелері уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы емес. Қазақстан Республикасының Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес Сақтандыру ұйымының (Қоғамның) ірі қатысушысы болып табылатын тұлғаны Қоғам басқармасының бірінші басшысы лауазымына тағайындауға (сайлауға) болмайды. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, осы Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдермен, сондай-ақ олардың әрқайсысы Қоғаммен жасасатын еңбек шартымен белгіленеді. Басқарма Төрағасымен еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған Директорлар кеңесі

уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шарттарына Басқарма Төрағасы қол қояды.

- 19.7 Егер Басқарманың бір немесе одан да көп мүшесі болмаған кезде немесе басқа себептермен ол тапсырған функцияларды орындай алмаған жағдайда, онда Басқарма Төрағасы (немесе Басқарма Төрағасы болмаса немесе басқа себептермен осы функцияларды орындай алмаса, Басқарманың өзге мүшесі) Басқарманың мұндай мүшелері қатысқанша немесе оларға тапсырылған функцияларды орындай алмайынша немесе Басқарманың бұндай мүшелері Директорлар кеңесі алмастырғанға дейін осы функцияларды орындайды
- 19.8 Басқарма қажеттілігіне қарай жиналады. Басқарманың кез келген мүшесінің талап етуі бойынша Басқарма Төрағасы Басқарма мәжілісін шақыруға және бұндай талаптарға сәйкес күн тәртібін дайындауға міндетті. Басқарманың әрбір мүшесінің Басқарма мәжілісінің күн тәртібіне енгізу үшін өз ұсыныстарын ұсынуға құқығы бар. Басқарма мәжілістерінде бұндай мәжіліске қатысқан Басқарманың барлық мүшелері қол қоятын хаттамалар жүргізіледі.
- 19.9 Басқарманың барлық мүшелері Қоғам Басқармасының алда өткізілетін мәжілістері туралы бұндай мәжіліс өтетін күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей хабардар етіледі. Басқарма мүшелеріне хабарламалар жазбаша нысанда жеткізілуге, қарастыруға арналған мәселелерге байланысты толық күн тәртібі мен барлық қажетті құжаттаманы қамтуы керек және мәжілістің орны, күні мен уақыты көрсетілуге тиіс. Егер Басқарманың барлық мүшелері қатысса, Басқарманың мәжілістері кемінде 1 (бір) күн бұрын хабарлама беру арқылы шақырылуы мүмкін және (немесе) мәжілісте күн тәртібіне енгізілмеген мәселелер бойынша талқылануы мүмкін және дауыс беруден өтуі мүмкін.
- 19.10 Басқарманың қарастыруына мәселелерді ұсыну құқығы Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелеріне тиесілі.
- 19.11 Директорлар кеңесі Басқарма мәжілістерінің кворумы үшін талап етілетін Қоғам Басқармасының сайланған 3 (үш) мүшесін белгілеуге тиіс. Егер Директорлар Кеңесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, Басқарманың шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Мәжілісте Басқарманың әрбір мүшесі дауыс беруге шығарылған әрбір ұсыныс бойынша бір дауыс беруге құқылы.
- 19.12 Басқарманың кез келген шешімі Басқарманың барлық мүшелері қол қойған жазбаша шешіммен хат алмасу арқылы, факс немесе электрондық пошта арқылы, телефон, бейнеконференц-байланыс арқылы немесе Басқарманың барлық мүшелеріне қолжетімді және берілетін және қабылданатын хабарламалардың түпнұсқалығын қамтамасыз ететін басқа да байланыс құралдарын пайдалана отырып қабылдануы мүмкін. Осы Жарғының 19.11-тармағында баяндалған кворумға қойылатын талаптар бұндай мәжіліске қолданылады.

20 БАСҚАРМА ҚҰЗЫРЕТІ

20.1 Басқарманың құзыретіне:

- 20.1.1 Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдау;
- 20.1.2 Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындау;
- 20.1.3 Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақының нысандары мен мөлшерін белгілеу;
- 20.1.4 Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне кіретін тұлғалардан басқа, Қоғам қызметінің барлық өзге мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 20.1.5 жасалуына мүдделі Ірі мәмілелерді және мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешім қабылданған күнгі ресми бағамы негізге алына отырып есептелген сомасы теңгемен 100 000,00 (бір жүз мың) [АҚШ долларына тең немесе одан асатын Қоғам жасайтын барлық мәмілелерді немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығын бекіту;

- 20.1.6 аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген және оны Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін ұсыну;
 - 20.1.7 дивидендтердің мөлшеріне қатысты Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау;
 - 20.1.8 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерінің бөлімшелерін (құрылымдық бірліктерін) құру және тарату туралы шешімдер қабылдау және олардың штат кестесін бекіту.
- 20.2 Басқарма тәуекелдерді басқару жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында:
- 20.2.1 тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты белгіленген мақсаттар мен әдістерге сәйкес Қоғамға күнделікті басшылықты жүзеге асырады;
 - 20.2.2 директорлар кеңесі, алқалы органдар, басқарма, Қоғамның басшы қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелері арасында тәуекелдерді тиімді басқаруды және ішкі бақылауды қамтамасыз ететін ақпарат беру тәртібін бекітеді;
 - 20.2.3 директорлар кеңесінің нұсқауларын, ішкі аудит қызметінің ұсынымдары мен ескертулерін, тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшенің ұсынымдарын, уәкілетті органның талаптары мен шараларын іске асыруды жүзеге асырады;
 - 20.2.4 тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша саясатты іске асыру мақсатында ішкі құжаттарды бекітеді;
 - 20.2.5 төлем қабілеттілігі маржасының қажетті жеткіліктілік деңгейін сақтау мақсатында активтерді, рентабельділікті, өтімділікті және капиталдың жеткіліктілігін, тәуекелдерді әртараптандыру бойынша бағдарларды белгілейді;
 - 20.2.6 директорлар кеңесі белгілеген тәуекелдер лимиті шегінде операция түрлері бойынша тәуекелдер лимитін бекітеді;
 - 20.2.7 тәуекелдерді басқару бойынша бөлімшенің ай сайынғы есеп айырысулары негізінде көрсетілген лимиттердің сақталуын бақылаудың тиімді шараларын қолдануды қамтамасыз етеді;
 - 20.2.8 тарифтік саясаттың тәуекелдер бойынша шынайы статистика негізінде тәуекелдерді дамытудағы болжамды үрдістерге сәйкестігін қамтамасыз етеді;
 - 20.2.9 Қоғам үшін ықтимал тәуекел туғызатын ішкі және сыртқы экономикалық факторларға тұрақты талдау жүргізуді, олардың қаржылық көрсеткіштерге ықпал ету дәрежесін бағалауды қамтамасыз етеді;
 - 20.2.10 ағымдағы және болашақ экономикалық ортаны, нормативтік құқықтық базаны, капитал мөлшерін ескере отырып, жылдық бюджеттерді, стратегиялық жоспарларды жасауға қатысты директорлар кеңесіне ұсынымдар береді;
 - 20.2.11 қаржылық тұрақсыздық және төтенше жағдайлар жағдайында іс-шаралар жоспарының орындалуын және тиісті тоқсан сайынғы есеп беруді бақылайды;
 - 20.2.12 шарттық қатынастардың, Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, қаржы құралдарымен операциялар жүргізуді регламенттейтін ұйымның ішкі құжаттарының сақталуына тұрақты талдау жүргізеді;
 - 20.2.13 құрылымдық бөлімшелердің ықтимал және ықтимал тәуекелдерді басқарудағы саясаттарды, белгіленген лимит шегінде тәуекелдер мөлшерін сақтауын бақылайды;
 - 20.2.14 қаржы құралдары арқылы операциялардан түсетін кірістердің (шығыстардың) өзгеруіне олардың нарықтық құнының серпінін ескере отырып талдау жүргізуді қамтамасыз етеді;
 - 20.2.15 ұйымның төлем қабілеттілігі маржасының Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес талап етілетін ең төменгі деңгейге сәйкестігін қамтамасыз етеді;
 - 20.2.16 сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын ескере отырып, есепке алу мен есептілік жүйесін жақсартуды қамтамасыз етеді;
 - 20.2.17 аудиторлық есептерге талдау жүргізеді және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қолдану бойынша директорлар кеңесіне ұсыныстар береді.
- 20.3 Басқарма директорлар кеңесі белгілеген лимит шегінде жеке сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасасу бойынша андеррайтингтік шешім қабылдайды.

- 20.4 Басқарма тәуекелдерді тиімді басқару және ішкі бақылау жүргізу мақсатында келесі ішкі құжаттарды әзірлейді және Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады:
- 20.4.1 Корпоративтік стратегия;
 - 20.4.2 Қоғамның ұйымдық-функционалдық құрылымы туралы ереже;
 - 20.4.3 Басшы қызметкерлерге еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу бойынша ішкі саясат;
 - 20.4.4 Есеп саясаты;
 - 20.4.5 Басқарушылық есептілікті ұсыну мерзімдері мен нысандары туралы ереже.
- 20.5 Басқарма жыл сайын қайта сақтандыру бойынша саясатты ағымдағы нарықтық талаптарға сәйкес келуін бағалайды және қажет болған жағдайда оны қайта қарауды жүзеге асырады. Қайта сақтандыру бойынша саясат андеррайтинг саясатының немесе қайта сақтандырушылардың мәртебесі өзгерген жағдайда түзетіледі.
- 20.6 Басқарма сақтандыру резервтерінің жеткіліксіздігі тәуекелін тиімді басқару мақсатында:
- 20.6.1 сақтандыру резервтерін қалыптастыру саясатын әзірлеу және тиімді іске асыруды қамтамасыз етуді;
 - 20.6.2 барабар сақтандыру резервтерін қалыптастыру үшін қажетті статистикалық ақпаратты жинау, өңдеу және талдау бойынша ішкі процедураларды әзірлеу және тиімді іске асыруды қамтамасыз етуді;
 - 20.6.3 сақтандыру резервтерінің уақтылы қалыптасуын бақылауды;
 - 20.6.4 штатта біліктілігі жеткілікті деңгейдегі актуарийді қамтамасыз етуді;
 - 20.6.5 шығындарды есепке алу журналын жүргізу және оның мазмұнын белгілеу жұмысын жүзеге асырады.
- 20.7 Басқарма операциялық, ілеспе тәуекелдерді басқару мақсатында:
- 20.7.1 ұйымның ағымдағы қызметінің және оның корпоративтік стратегиясының сәйкестігін ескере отырып, төтенше жағдайлар жағдайына және ұйым қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге арналған жоспарды жыл сайын қайта қарастырады;
 - 20.7.2 конфиденциалды ақпараттың жария болуын және ақпараттық деректердің бұрмалануын болдырмау бойынша:
 - қолжетімділігі шектеулі ақпараттық деректердің тізбесін;
 - қол жеткізу тәртібін;
 - ақпараттық деректерге қол жеткізуді бақылау тәртібін;
 - ақпараттық деректерге қолжетімділігі бар тұлғалардың тізбесін көздейтін;
 - 20.7.3 жабдықтарды инспекциялауды және жұмыс туралы есептерді тексеруді қамтитын іркілістерді болдырмау бойынша процедураларды бекітеді.
- 20.8 Басқарма комплаенс-тәуекелді тиімді басқару мақсатында:
- 20.8.1 комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша саясатты қабылдау және қызметкерлердің назарына жеткізу;
 - 20.8.2 комплаенс-тәуекелдерді басқару бойынша саясатты сақтау және директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы есептілікті ұсыну;
 - 20.8.3 ұйым қызметкерлері үшін комплаенс-тәуекелді, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
 - 20.8.4 комплаенс-тәуекелге әкеп соғатын бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті түзету немесе тәртіптік шаралар қолдану;
 - 20.8.5 міндетті ішкі бақылауға жататын операцияларды және күдікті операцияларды уақтылы автоматтандырылғанын анықтау мақсатында бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру.
 - 20.8.6 сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш нысанында ұйымға Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында, ұйымның жарғысында, сақтандыру қағидаларында көзделген жалған мәліметтерді беру салдарына сілтеменің болуы;
 - 20.8.7 бөлімше қызметкерлерін сақтандыру төлемдері бойынша алаяқтық индикаторлары мен сигналдары бойынша оқыту.
 - 20.8.8 шағымдарды, өтініштерді қарау және шағымдарды уақтылы реттеу бойынша қызметті қадағалауға, сондай-ақ сақтандыру төлемдеріндегі үрдістерді анықтауға мүмкіндік беретін статистикалық деректер базасын жүргізе отырып, дауларды реттеу тәртібін бекіту.

21 БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

21.1 Басқарма төрағасы:

- 21.1.1 Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын және Қоғамның бекітілген бизнес-жоспарының орындалуын ұйымдастырады;
- 21.1.2 үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 21.1.3 үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарында Қоғамды білдіру құқығын беретін сенімхаттар береді;
- 21.1.4 Қоғам қызметкерлерін қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату қызметін жүзеге асырады («Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мен Қоғамның Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері сыйлықтарының мөлшерін белгілейді;
- 21.1.5 жұмыста болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқару жұмысын Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
- 21.1.6 Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер мен жауапкершілік салаларын бөледі;
- 21.1.7 осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

21.2 Басқарма Төрағасы Басқарма мәжілісінің хаттамасын дайындауға жауап береді, оның барлық шешімдерін жазады және Қоғам құжаттамасының сақталуын қамтамасыз етеді. Басқарма мәжілістерінің хаттамалары хаттамалар кітабында сақталады және кез келген Акционердің саналы уақытта тексеруі үшін ашық.

22 ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

22.1 Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады. Ішкі аудит қызметінің қаржылық және экономикалық бақылауды жүзеге асыру тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі тағайындайтын 3 мүшеден тұрады. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Директорлар кеңесі белгілейді.

22.2 Қоғамдағы ішкі аудит жүйесінің негізгі мақсаты Қоғам қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын, қоғамның ішкі рәсімдері мен ережелерінің міндетті түрде болуын және сақталуын және қоғам жүргізетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес келетін сенімділіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуді және оның қызметінің тәуекелдерін барынша азайтуды бақылау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің жай-күйіне объективті баға беру, корпоративтік басқару және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру болып табылады.

22.3 Қоғамдағы ішкі аудит:

- 22.3.1 Қоғамның қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ бухгалтерлік есеп саясатына және Қоғамның тиісті ішкі құжаттарымен бекітілген белгіленген ішкі процедураларға сәйкес жүзеге асыруына;
- 22.3.2 Қоғамның қызметін оның қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігі тұрғысынан жүйелі талдау және бағалау жұмысын жүзеге асыруға;
- 22.3.3 қабылданатын шешімдердің орындалуын бақылау шараларының тиімділігін тексеру және бағалау қызметіне;
- 22.3.4 активтер мен міндеттемелерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау, оның ішінде портфельдің құрылымы мен ықтимал тәуекелдерді бағалау бойынша;

- 22.3.5 сақтандыру қызметін және сақтандыру қызметі туралы заңдарда көзделген өзге де қызметті көрсетудің уақтылылығын, дұрыс болуын, толықтығын және дәлдігін;
- 22.3.6 сақтандыру және өзге де қызметті жүзеге асыру барысында туындайтын тәуекелдерді басқару және оларды барынша азайту бойынша жүргізілетін мониторингті;
- 22.3.7 сақтандыру агенттері сақтандыру шарттарын жасасқан кезде қызметіне және олармен байланысты тәуекелдерге;
- 22.3.8 уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің сақталуына;
- 22.3.9 Қоғам есептілігінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.
- 22.4 Ішкі аудит қызметінің мүшелері Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері бола алмайды.
- 22.4.1 Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері бір мезгілде өзге құрылымдық бөлімшелердің басшысы және (немесе) қызметкерлері бола алмайды, сондай-ақ алқалы органдардың мүшелері бола алмайды.
- 22.5 Басқарма қызметін тексеруді Ішкі аудит қызметі Акционерлер жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша, өз бастамасы бойынша немесе Ірі Акционердің талабы бойынша жүзеге асырады. Басқарманың қаржылық және шаруашылық қызметіне тексеру жүргізу кезінде Ішкі аудит қызметі Басқарманың кез келген мүшесінен барлық қажетті материалдарды, бухгалтерлік және басқа да құжаттар мен түсіндірмелерді жазбаша немесе ауызша нысанда ұсынуды талап етуге құқылы. Ішкі аудит қызметінің өз функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті барлық материалдарға, мәліметтерге, құжаттарға (файлдарға), ақпараттарға, оның ішінде жергілікті есептеу желілері мен дербес компьютерлік жүйелердегі ақпараттарға оларға өзгерістер енгізу құқығынсыз шексіз қол жеткізуге құқығы бар.
- 22.6 Ішкі аудит қызметі мүшелерінің Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар, онда оны тексерудің нәтижелері туралы есептер қаралады.
- 22.7 Ішкі аудит қызметінің мәжілістері Ішкі аудит қызметі мүшесінің, кез келген мүшесінің және Басқарма Төрағасының, Қоғамның кез келген мүшесінің және Директорлар кеңесі төрағасының бастамасы бойынша шақырылады. Ішкі аудит қызметінің мәжілісі мәжіліске бастамашылық ететін тұлғаны шақыра отырып, міндетті түрде өткізіледі.
- Ішкі аудит қызметінің мәжілісін өткізу үшін кворум оның мүшелері санының кемінде жартысын құрауға тиіс. Егер Ішкі аудит қызметі мүшелерінің жалпы саны кворум құруға жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің жаңа мүшесін (мүшелерін) тағайындауға тиіс.
- Ішкі аудит қызметінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Шешімдер мәжіліске қатысып отырған Ішкі аудит қызметі мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Ішкі аудит қызметі мүшелерінің білікті көпшілік дауысымен осы Жарғының 22.3-тармағының 22.3.1, 22.3.2, 22.3.6 және 22.3.8-тармақшаларында көрсетілген мәселелер қабылданады.
- Ішкі аудит қызметінің шешімін Ішкі аудит қызметінің мүшесі дайындайды және мәжіліске қатысушы Ішкі аудит қызметінің мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
- Ішкі аудит қызметінің шешімдері Басқармаға және Директорлар кеңесіне мәжіліс өткізілген күннен кейінгі екі күн ішінде ұсынылады.
- 22.8 Директорлар кеңесі ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету, ішкі аудит қызметінің функционалдық және ұйымдық тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:
- 22.8.1 ішкі аудит саясатын бекітеді;
- 22.8.2 ішкі аудит қызметі туралы ережені бекітеді;
- 22.8.3 ішкі аудиттің жылдық жоспарын бекітеді;
- 22.8.4 ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындайды;
- 22.8.5 Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу үшін акционерлердің жалпы жиналысына ұсынымдар береді.

- 22.9 Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Қоғамның жарғысын, ұйымның ішкі бақылау жүйесін және ішкі аудит қызметін ұйымдастыру туралы ережелерді, сондай-ақ Қоғам қызметін регламенттейтін басқа да ішкі құжаттарды және сақтандыру қызметі туралы заңнаманың талаптарын басшылыққа алады.
- 22.10 Ішкі аудит қызметінің міндеттеріне келесі мәселелерді қарастыру және талқылау кіреді:
- 22.10.1 ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі;
 - 22.10.2 директорлар кеңесі үшін ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептілікті дайындау;
 - 22.10.3 ағымдағы жылы ішкі және сыртқы аудиттерге ұшырауы қажет Қоғамның мәмілелеріндегі (операцияларындағы) тәуекел салалары;
 - 22.10.4 менеджментке берілетін қаржылық ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігі;
 - 22.10.5 сыртқы немесе ішкі аудиторлар анықтаған бухгалтерлік есептегі немесе ішкі аудиттегі кез келген елеулі кемшіліктер.
- 22.11 Ішкі аудит қызметінің негізгі функциялары:
- 22.11.1 ішкі аудит қызметінің саясатын, ережесін, бюджетін, жұмыс жоспарын, аудиторлық қорытындыны, Қоғам қызметін бағалау өлшемдерін әзірлеу және директорлар кеңесіне бекітуге ұсыну;
 - 22.11.2 ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тексеру және бағалау, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесін тұрақты жетілдіруге жәрдемдесу;
 - 22.11.3 ұйымның тәуекелдерін бағалау әдіснамасының және Қоғамның тәуекелдерді басқару жүйесінің қолданылуының толықтығы мен тиімділігін тексеру;
 - 22.11.4 құрылымдық бөлімшенің қызметін тексеру, оның нәтижелері бойынша директорлар кеңесіне есеп беру;
 - 22.11.5 бөлімшелердің тиісті есепті немесе сұратылатын ақпаратты (оның ішінде қаржы мониторингіне жататын ақпаратты) уәкілетті органға, басшылыққа және басқа да мүдделі тараптарға ұсынуының дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін, уақтылығын тексеру;
 - 22.11.6 аудит (ішкі, сыртқы) процестерінің тиімділігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
 - 22.11.7 бекітілген жоспарға сәйкес тұрақты тексерулер жүргізу арқылы ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы, міндетті сақтандыру туралы, акционерлік қоғамдар туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін бақылау ортасын қалыптастыру;
 - 22.11.8 бухгалтерлік есепті жүргізуді бақылау;
 - 22.11.9 директорлар кеңесіне ішкі аудитті жетілдіру жөнінде ұсынымдар беру;
 - 22.11.10 ұйымның қызметін қаржылық тұрақтылық пен төлем қабілеттілігі, пруденциалдық нормативтер мен сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің сақталуы тұрғысынан жүйелі талдау және бағалау;
 - 22.11.11 активтер мен міндеттемелерді басқаруға қатысты қабылданған басқарушылық шешімдерді бағалау;
 - 22.11.12 ұйым қызметінің қаржылық есептілігінің уақтылығын, дұрыстығын, толықтығы мен дәлдігін және оның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігін тексеру;
 - 22.11.13 қаржылық құжаттарды талдау, оның ішінде:
өткен кезеңмен және жоспарланған қаржылық көрсеткіштермен салыстырғанда жиынтық баланс пен пайда және залал туралы есептің;
қаржы құралдарын түрлері бойынша топтастыра отырып және баланстық және нарықтық құнын, кірістілігін және сатып алу (сату) бойынша жалпы сомасын көрсете отырып, инвестициялар туралы есепті;
 - 22.11.14 сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тізілімін жүргізуді бақылау;
 - 22.11.15 ұйымның және оның ақпараттық жүйелерінің корпоративтік басқару, операциялық қызметі саласындағы тәуекелдерді бақылаудың барабарлығы мен тиімділігін бағалау;
 - 22.11.16 ішкі аудит қызметінің құзыреті аясында Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.
- 22.12 Ішкі аудит қызметінің басшысы:
- 22.12.1 ішкі аудит бағдарламасын бекітеді;

Ірі Акционердің талабы бойынша аудит жүргізілген жағдайда Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.

23.3 Қоғамның өз қызметіне қатарынан жеті жылдан астам бір аудиторлық ұйымда немесе қатарынан бес жылдан астам аудиторлық ұйымда жұмыс істейтін аудиторда аудит жүргізуге құқығы жоқ. Қоғамның аудиторлық есебі коммерциялық құпия болып табылмайды.

23.4 Аудиторлық ұйымның:

тексерілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, оның акционерлеріне және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз;

тексерілетін сақтандыру брокеріне, оның акционерлеріне (қатысушыларына) және басшы қызметкерлеріне тәуелсіз;

сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін тексерілетін ұйымнан, оның акционерлерінен және басшы қызметкерлерінен тәуелсіз;

лицензияға сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті және аудиторлық ұйымдарға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеген қаржы ұйымдарына міндетті аудит жүргізетін аудиторлық қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді және аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын, уәкілетті органмен келісім бойынша немесе резиденті болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының лицензиясына сәйкес аудиторлық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті болса, аудиторлық қызметті жүзеге асырады.

7-ТАРАУ. ЖАСАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНГЕН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ

24 ІРІ МӘМІЛЕЛЕР

24.1 Ірі мәміле деп:

24.1.1 нәтижесінде Қоғам құны Қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

24.1.2 нәтижесінде Қоғам бір түрдегі орналастырылған бағалы қағаздардың жалпы санының 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызы мөлшерінде оның орналастырылған бағалы қағаздарын сатып алуы немесе ол сатып алған Қоғамның бағалы қағаздарын сатуы мүмкін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы.

24.2 Мәміле, жеке жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы (қабылданатын міндеттемелер көлемі) немесе Қоғамның жекелеген қайта сақтандыру шарты бойынша қабылданатын міндеттемелер көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нормативтен асып түседі, сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша ірі мәміле деп танылады.

24.3 Өзара байланысты мәмілелер:

24.3.1 бір тұлғамен немесе бір мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға қатысты өзара Үлестес тұлғалар тобымен жасалатын бірнеше мәмілелер;

24.3.2 бір шартпен немесе өзара байланысты бірнеше шарттармен ресімделетін мәмілелер;

24.3.3 Акционерлер жалпы жиналысының шешімімен өзара байланысты деп танылатын өзге мәмілелер.

24.4 Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасында мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле жасау туралы шешім бағалаушы белгіленген осы мүліктің нарықтық құнын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнама актісіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналыстағы бағалы қағаздар нарықтық құнын белгілеу қажет мүлік болып табылса, онда олардың нарықтық құнын белгілеу кезінде бұндай нарықта қалыптасқан бұндай бағалы қағаздармен мәмілелердің бағалары немесе бұндай бағалы

қағаздарға сұраныс пен ұсыныстың бағалары ескеріледі. Егер нарықтық құнын белгілеу қажет мүлік қоғамның өзінің акциялары болып табылса, онда олардың нарықтық құнын белгілеу кезінде қоғамның меншікті капиталының мөлшері, қоғамның даму жоспарларына сәйкес оны өзгерту перспективалары және нарықтық құнын белгілейтін тұлға маңызды деп санайтын өзге де факторлар да ескеріледі.

- 24.5 Ірі мәміле жасасу туралы шешімді Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы жасасу туралы шешімді қабылдайтын мәмілелерді қоспағанда, Директорлар кеңесі қабылдайды. Қоғам кредиторларды, жұртшылықты және Акционерлерді хабардар ету мақсатында Қоғам Ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдағаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында мәміле туралы қазақ және орыс тілдерінде хабарлама жариялауға міндетті.
- 24.6 Акционерлік қоғамдар туралы Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен қабылданған Ірі мәміле жасасу туралы Қоғамның шешімімен келіспеген жағдайда, Акционер Қоғамның өзіне тиесілі акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқылы.
- 24.7 Ірі мәміле жасау кезінде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген талаптарды сақтамау мүдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша сот тәртібімен мұндай мәмілені жарамсыз деп тануға себепші болады.

25 ҚОҒАМНЫҢ ЖАСАУЫНА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР

- 25.1 Қоғамның мәміле жасауына мүдделі тұлғалар («Мүдделі тұлғалар»), егер олар:
- 25.1.1 мәміленің тарабы болып табылса немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысса;
 - 25.1.2 Мәміленің тарабы болып табылатын немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатын заңды тұлғаның үлестес тұлғалары болып табылады.
- 25.2 Мүдделі тұлғалар Директорлар кеңесінің назарына:
- 25.2.1 олардың мәміленің тарабы болып табылатыны немесе оған өкіл немесе делдал ретінде қатысатыны туралы;
 - 25.2.2 өздері үлестес заңды тұлғалар туралы, оның ішінде өздері дербес немесе өздерінің Үлестес тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акциялардың, үлестердің (пайлардың) 10 (он) немесе одан да көп процентін иеленетін заңды тұлғалар туралы және органдарында олар лауазымдарды атқаратын заңды тұлғалар туралы;
- 25.3 олар Мүдделі тұлғалар тануы мүмкін белгілі жасалатын немесе болжамды мәмілелер туралы ақпаратты ұсыну міндетті.
- 25.4 Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасуы туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесінің мүшелерінің әдеттегі көпшілік дауысымен қабылданады. Қоғамның жасауға мүдделілігі бар мәміле жасасуы туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы оны жасауға мүдделі емес Акционерлердің көпшілік дауысымен:
- 25.4.1 егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері Мүдделі тұлғалар болып табылса;
 - 25.4.2 шешім қабылдау үшін қажетті дауыс санының болмауына байланысты Директорлар кеңесінің бұндай мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайларда тоқтатылады.
- егер Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық мүшелері және жай акцияларды иеленуші барлық Акционерлер Мүдделі тұлғалар болса Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасуы туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылдайды.

Бұл ретте Акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттарды қоса бере отырып) беріледі.

- 25.5 Қоғамның:

- 25.5.1 Акционердің Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын сатып алуы бойынша мәміле;
- 25.5.2 Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуы бойынша мәміле;
- 25.5.3 банктік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын құпиялары бар мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемелер қабылдау бойынша мәміле;
- 25.5.4 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамды қайта ұйымдастыру;
- 25.5.5 Қоғамның өзінің Үлестес тұлғасымен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, оның ведомстволары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдар және заңды тұлғалар жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алу және сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын мәмілесі, дауыс беретін акциялардың елу және одан да көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруында болатын және олармен үлестес заңды тұлғалармен жасалатын мәмілелер бойынша қызығушылық танытпайтын мәмілелер.

25.4.6. қоғамның өзінің үлестес тұлғасымен үлгі нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарт жасасуы.

25.6 «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда белгіленген Қоғамның оның Үлестес тұлғаларының қатысуымен мәміле жасасу тәртібіне қойылатын талаптарды сақтамауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша мұндай мәмілені соттың жарамсыз деп тануы үшін негіз болып табылады. Қоғамның «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Жарғыда көзделген оны жасасу тәртібіне қойылатын талаптарды бұза отырып жасалған мәмілені жасасуға мүдделі тұлға Қоғам алдында Қоғамға келтірілген залалдар мөлшерінде жауап береді. Мәмілені бірнеше тұлға жасаған жағдайда олардың Қоғам алдындағы жауапкершілігі ортақ және жеке болып табылады.

Егер Акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген процедураға сәйкес мүдделі тұлғамен жасалған мәмілені Қоғамның шешімімен келіспесе, мұндай Акционердің Қоғамның өз акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге құқығы бар.

25.7 Қоғам өзінің Үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Ірі Акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті. Қоғамның Үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар Қоғамға үлестес болған күннен кейінгі 7 (жеті) күн ішінде өздерінің Үлестес тұлғалары туралы мәліметтер беруге міндетті.

8-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ. ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

26 ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

26.1 Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

26.2 Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары өзінің функцияларын Қоғам мен акционерлердің мүддесі үшін орындайды. Егер Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам тартылған мәмілеге мүдделі болса, онда олар бұл туралы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы Жарғының 25-бабына сәйкес Директорлар кеңесін хабардар етуге міндетті және Директорлар кеңесінің немесе Акционерлер жалпы жиналысының осы мәміле бойынша қызметті жалғастыру үшін бұндай мәміле жасасу туралы шешімін күтуге міндетті.

26.3 Қоғамның лауазымды адамдары мүлікті пайдаланбауға немесе оны осы Жарғыға, Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келіп пайдалануға, сондай-ақ өздерінің Үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде жеке мақсатта пайдаланбауға және теріс пайдаланбауға тиіс.

- 26.4 Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның Басқармасына үлестес тұлғалар туралы ақпаратты үлестес болған күннен кейінгіп 7 (жеті) күн ішінде беруге міндетті.
- 26.5 Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға олардың әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам алдында жауап береді. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Қоғамның лауазымды тұлғасына Қоғамға келтірілген зиянды немесе залалды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.
- 26.6 Қоғамның лауазымды тұлғалары:
- 26.6.1 өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және қоғам мен акционерлердің мүдделерін барынша дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады;
 - 26.6.2 қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны қоғамның жарғысына және акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде жеке мақсатта пайдалануға жол бермеуге және теріс пайдалануға;
 - 26.6.3 тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;
 - 26.6.4 Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашуды және ұсынуды бақылайды;
 - 26.6.5 егер қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның қызметі туралы ақпараттың конфиденциалдығын, оның ішінде қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.
- 26.7 Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелері:
- 26.7.1 Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қоғамның жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес қоғамның және оның акционерлерінің мүддесі үшін ақпараттандыру, ашықтық негізінде әрекет ету керек;
 - 26.7.2 барлық акционерлерге әділ қарап, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір айту қажет.

27 ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

- 27.1 Қоғамның жұмыс режимі Қазақстан Республикасының заңдарына, Басқарма Төрағасы шығаратын нормативтік құжаттар мен ережелерге, бұйрықтар мен нұсқаулықтарға және Қоғам қызметкерлерімен жасалатын еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылуға және орындалуға тиіс.
- 27.2 Қоғам қызметкерлерімен еңбек шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.
- 27.3 Қоғам қызметкерлері Қазақстан Республикасының шетелдік азаматтары мен азаматтарынан тұруы мүмкін

9-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ЕСЕПТІЛІГІ

28 ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІЛІГІ

- 28.1 Қоғам халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес өздері жүргізетін операцияларды есепке алады. Қоғамның қаржы жылы күнтізбелік жылмен сәйкес келеді.
- 28.2 Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Басқарма жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес халықаралық аудиторлық ұйым аудитін жүргізген өткен жыл бойынша жылдық қаржылық есептілікті талқылау және бекіту үшін ұсынады. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есеп береді. Аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген Қоғамның өткен жылғы жылдық қаржылық есептілігі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы

өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесі алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

28.3 Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында берілген мәліметтердің дұрыстығын тәуелсіз аудиторлық растағаннан кейін және Қоғам акционерлерінің жылдық жиналысы жылдық қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгілеген тізбе, нысандар бойынша және мерзімде жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті. Қоғам өзге қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

28.4 Басқарма әрбір Акционерге барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда Қоғамның әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін 75 (жетпіс бес) күн ішінде ағылшын тіліне аударылып, (i) Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған балансын қоса алғанда, аудиттелген қаржылық есептер (олар болған кезде) бұндай жылдың соңындағы жағдай бойынша, әрбір жағдайда алдыңғы қаржы жылының сандарымен салыстыра отырып, барлығы ақылға қонымды толық нысанда; (ii) капиталдандырудың түзетілген кестесін ұсынады.

Барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда Қоғамның әрбір қаржы жылының әрбір тоқсаны аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде (i) бұндай кезеңнің соңындағы жағдай бойынша аудиттен өтпеген Қоғамның шоғырландырылған балансы және аудиттен өтпеген (i) Қоғамның бұндай кезеңдегі және ағымдағы қаржы жылының басынан бастап бұндай тоқсандық кезеңнің аяғына дейінгі кезеңдегі кірістері және (ii) ақшалай қолма-қол ақша ағыны туралы өткен қаржы жылының тиісті кезеңіндегі сандармен салыстыра отырып, әрбір жағдайда, барлығы ақылға қонымды толық нысанда; және (ii) капиталдандырудың түзетілген кестесін ұсынады.

18-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

18.1 ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

18.1 Қоғам өз Акционерлерінің назарына Қоғам Акционерлерінің мүдделері қарастырылатын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Қоғамның қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысында белігленген тәртіппен Акционерлерге ұсынылады.

18.2 Қоғам Акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп:

18.2.1 Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

18.2.2 Қоғамның акциялар мен өзге бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

18.2.3 Қоғамның ірі мәмілелер мен мәмілелер жасауы;

18.2.4 Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

18.2.5 Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының қолданылуын уақытша тоқтатуы немесе тоқтатуы;

18.2.6 Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

18.2.7 Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

18.2.8 нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылған, баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесі алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

28.3 Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында берілген мәліметтердің дұрыстығын тәуелсіз аудиторлық растағаннан кейін және Қоғам акционерлерінің жылдық жиналысы жылдық қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгілеген тізбе, нысандар бойынша және мерзімде жылдық қаржылық есептілікті жариялауға міндетті. Қоғам өзге қаржылық есептілікті қосымша жариялауға құқылы.

28.4 Басқарма әрбір Акционерге барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда Қоғамның әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін 75 (жетпіс бес) күн ішінде ағылшын тіліне аударылып, (i) Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған балансын қоса алғанда, аудиттелген қаржылық есептер (олар болған кезде) бұндай жылдың соңындағы жағдай бойынша, әрбір жағдайда алдыңғы қаржы жылының сандарымен салыстыра отырып, барлығы ақылға қонымды толық нысанда; (ii) капиталдандырудың түзетілген кестесін ұсынады.

Барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда Қоғамның әрбір қаржы жылының әрбір тоқсаны аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде (i) бұндай кезеңнің соңындағы жағдай бойынша аудиттен өтпеген Қоғамның шоғырландырылған балансы және аудиттен өтпеген (i) Қоғамның бұндай кезеңдегі және ағымдағы қаржы жылының басынан бастап бұндай тоқсандық кезеңнің аяғына дейінгі кезеңдегі кірістері және (ii) ақшалай қолма-қол ақша ағыны туралы өткен қаржы жылының тиісті кезеңіндегі сандармен салыстыра отырып, әрбір жағдайда, барлығы ақылға қонымды толық нысанда; және (ii) капиталдандырудың түзетілген кестесін ұсынады.

10-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

29 ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ ТӘРТІБІ

29.1 Қоғам өз Акционерлерінің назарына Қоғам Акционерлерінің мүдделері қарастырылатын Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Қоғамның қызметі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Акционерлердің жалпы жиналысында белігленген тәртіппен Акционерлерге ұсынылады.

29.2 Қоғам Акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпарат деп:

29.2.1 Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

29.2.2 Қоғамның акциялар мен өзге бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерді, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын жоюы;

29.2.3 Қоғамның ірі мәмілелер мен мәмілелер жасауы;

29.2.4 Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

29.2.5 Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар алуы, Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға бұрын алған лицензияларының қолданылуын уақытша тоқтатуы немесе тоқтатуы;

29.2.6 Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

29.2.7 Қоғамның мүлкіне тыйым салу;

29.2.8 нәтижесінде Қоғамның мүлкі жойылған, баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы;

- 29.2.9 Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 29.2.10 Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 29.2.11 осы Жарғыға сәйкес оның Акционерлерінің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.
- 29.3 Қоғамның қызметі туралы ақпарат Акционерлерге олардың сұрау салулары бойынша Басқарма Төрағасына беріледі, ол оны Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейтін мерзім ішінде ұсынуға тиіс. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес хабарлауға тиісті хабарландыруларды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты Қоғам «Егемен Қазақстан» газетінде және «Казакхстанская правда» газетінде орналастырады.
- 29.4 Акционердің талабы бойынша Қоғам оған Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттардың көшірмелерін қоғамға бұндай талап келіп түскен күннен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте Қоғамның ішкі қызметін реттейтін ережелермен қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат беруге шектеулер енгізуге жол беріледі. Құжаттардың көшірмелерін ұсынғаны үшін төлемақы мөлшерін қоғам белгілейді және құжаттар көшірмелерін дайындауға және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге арналған шығыстардың құнынан аспауға тиіс.
- 29.5 Қоғам «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты ашуды жүзеге асыруға міндетті.
- 29.6 Қоғам акционердің осы баптың 3-тармағында көрсетілген талабы қоғамға келіп түскен күннен кейінгі күнтізбелік он күннен кешіктірмей, келесі талаптардың ішіндегі біреуі пайда болған кезде, құжаттардың көшірмесін ұсырудан бас тартуға құқылы:
- 29.6.1 акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған;
- 29.6.2 акционердің құжатты ұсыну туралы алғашқы талабын қоғам толық көлемде орындаған жағдайда құжат соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылады;
- 29.6.3 акционердің талап ете отырып, өтініш жасаған күні орындалған мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне қатысты болған құжат (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам);
- 29.6.4 тұлғаның қоғам акцияларын иелену кезеңінде құжаттың орындалуы жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (тұлға қоғамға акцияларды сатып алған күнге дейін он екі айдан астам) тиісті құжат (бұл норма қоғамға өтініш жасаған күнге дейін кемінде он екі ай бұрын қоғамның акционері болған тұлғаларға қолданылады).
- 29.7 Қоғамның қызметіне қатысты құжаттарын қоғамның атқарушы органы орналасқан жері бойынша оның қызметінің барлық мерзімі ішінде қоғам электрондық нысанда және (немесе) қағаз тасмалдауышта сақтауға тиіс.
- Келесі құжаттар сақталуға тиіс:
- 29.7.1 қоғамның жарғысы, қоғамның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 29.7.2 құрылтай жиналыстарының хаттамалары;
- 29.7.3 құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай шартына (жалғыз құрылтайшының шешімі) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- 29.7.4 қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсат;
- 29.7.5 қоғамның оның балансындағы (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
- 29.7.6 қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

- 29.7.7 қоғамның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды, сондай-ақ уәкілетті органға ұсынылған қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді бекітуді растайтын құжаттар;
- 29.7.8 қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
- 29.7.9 акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар және бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 29.7.10 акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын акционерлердің тізімдері;
- 29.7.11 директорлар кеңесі мәжілістерінің (сырттай мәжілістерінің шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), осы Заңға, қоғамның мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару жарғысына және проспектісіне сәйкес акционерлердің құқықтарына қатысты Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 29.7.12 атқарушы орган мәжілістерінің (шешімдерінің) хаттамалары;
- 29.7.13 корпоративтік басқару кодексі.
- 29.8 Өзге құжаттар, оның ішінде қоғамның қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

11-ТАРАУ. ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

30 ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 30.1 Қоғамды қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер Қоғам қайта ұйымдастырылған жағдайда өз қызметін тоқтатса, оның акцияларын шығару Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.
- 30.2 Олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген активтердің құны мен Компанияның міндеттемелері арасындағы теріс айырма болған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес кейіннен сату үшін акционерлерден Компанияның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 30.3 Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру акционерлердің жалпы жиналысының ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімі негізінде уәкілетті органның рұқсаты болған кезде жүзеге асырылуы мүмкін.

31 ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

- 31.1 Қоғамды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мәжбүрлеп таратады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге жағдай көзделмесе, қоғамды тарату туралы талапты мүдделі тұлғалар сотқа қоюы мүмкін. Қоғамды тарату туралы шешім қабылданғаннан кейін, оның ішінде банкроттық негізі бойынша сот тарату ісін қозғайды және уәкілетті органға оның филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, Қоғамның тарату комиссиясын құру бойынша міндеттерді жүктейді.
- 31.2 Мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарату комиссияларын тағайындау және босату тәртібі және тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.
- 31.3 Тарату комиссиясы төрағасының және мүшесінің құқықтары мен міндеттері, оның ішінде сыйақы алу құқығы, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының істері мен мүлкін басқару бойынша өкілеттіктердің көлемі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, кредиторлар комитетінің олармен жасасатын келісіммен

реттеледі. Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Қоғам таратылған кезде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.

32.4 Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша уәкілетті органның рұқсаты болған кезде немесе Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген процедураға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша таратылуы (ерікті түрде тарату) мүмкін.

32.5 Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік тіркеліміне жазба енгізілгеннен кейін Қоғамды таратылуы аяқталған, ал Қоғам өз жұмысын тоқтатқан болып есептеледі.

32 ҚОҒАМДЫ ЕРІКТІ ТАРАТУ

32.1 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдағаннан кейін Қоғам:

32.1.1 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасы жасалған және оған қол қойылған күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде мұндай шешімнің көшірмесін уәкілетті органға жіберуге міндетті.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімі сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ұзартуды және осы тармақшаға сәйкес уәкілетті органды хабардар еткен күннен бастап уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беруге бас тартқан жағдайда бұндай бас тартуға дейін қолданыста болатын сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жауапкершілік көлемін ұлғайтуды көздейтін өзгерістерді қоса есептегенде, жаңа сақтандыру шарттарын жасасуға тыйым салуға себепші болады;

32.1.2 сақтандыру портфелін тапсырылатын сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша лицензиясы (лицензиялары) бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы (қатысушылары) болып табылатын өзге (басқа) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына) беруге міндетті. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті түрде таратуға рұқсат беру немесе көрсетілген рұқсатты беруден бас тарту тәртібі, сондай-ақ сақтандыру портфелін тапсыру тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді. Сақтандыру портфелін Сақтандыру қызметі туралы заңның 37-1-бабында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен тапсырғаннан кейін Қоғам уәкілетті органға оны ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгінуге міндетті.

32.2 Қоғамды ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы өтінішке тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін құжаттар қоса берілуге тиіс.

Қоғамды ерікті түрде тарату үшін рұқсат алу өтінішін уәкілетті орган барлық қажетті құжаттар келіп түскен күннен кейінгі екі ай ішінде қарастыруға тиісті.

Ерікті таратуға рұқсат алғаннан кейін Қоғам он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны уәкілетті органға қайтаруға міндетті.

32.3 Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде таратуға уәкілетті органның рұқсатын алғаннан кейін таратуды оның акционерлері (жалғыз акционері) немесе оның (олардың) уәкілеттік берген тұлғалары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

32.4 Ерікті түрде тарату кезінде Тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторларының өкілдері, Ірі Акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуіне тиіс.

32.5 Қоғамды тарату процедурасы және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін қаражат жеткіліксіз болған жағдайда Қоғам банкроттық негіздері бойынша мәжбүрлеп таратылуы қажет. Қоғамның ерікті түрде таратуын аяқтау мүмкін

болмауына байланысты уәкілетті орган оны мәжбүрлеп тарату туралы сотқа жүгінуге құқылы.

- 32.6 Қоғам таратылған кезде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жойылуға тиіс.
- 32.7 Қоғам өзінің қызметін оны таратуды мемлекеттік тіркеген сәттен бастап тоқтатқан деп есептейді.

12-ТАРАУ. ӨЗГЕ МӘСЕЛЕЛЕР


33 ӨЗГЕ ҚАҒИДАЛАР

- 33.1 Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 33.2 Осы Жарғының барлық өзгерістері мен толықтырулары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі және Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілуге тиіс.
- 33.3 Егер осы Жарғының бір немесе одан да көп қағидалары немесе оларды қолдану жарамсыз немесе заңсыз болса немесе оларды қолдану кез келген жағынан жүзеге асырылмаса, бұл осы Жарғының барлық қалған ережелерінің шындығына, заңдылығына немесе орындалуына немесе олардың қолданылуына ешқандай түрде әсер етпейді. Бұл жағдайда Акционерлердің жалпы жиналысы Жарғының жарамсыз, заңсыз немесе жүзеге асырылмайтын қағидаларын ауыстыру мақсатында Акционерлердің жалпы жиналысын қанағаттандыратын қағидаларды қабылдау және бекіту үшін Жарғының бұндай қағидаларын талқылауға тиіс.
- 33.4 Осы Жарғы ағылшын, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, бұл ретте барлық нұсқалардың заңдық күші тең, бірақ, қақтығыс жағдай болған кезде, ағылшын тіліндегі нұсқасының күші басым болады және мұндай қақтығыс жағдайды жою үшін орыс және мемлекеттік тілдегі нұсқалар ағылшын тіліндегі нұсқасына сәйкес келтіріледі.
- 33.5 Осы Жарғының орындалуы міндетті және Қоғамның барлық Акционерлерінің және олардың тиісті рұқсат етілген құқықтық мирасқорларының және тағайындалған тұлғалардың пайдасына әрекет етеді.
- 33.6 Кез келген құжатқа, актіге немесе келісімге (1) сілтемелер олардың барлық қосымшаларын қамтиды, (2) олардың орнына жасалған немесе орындалған барлық құжаттарды, актілерді немесе келісімдерді қамтиды, (3) бұндай өзгерістерді, түзетулерді және толықтыруларды қамтитын құжатты, актіні немесе келісімді білдіреді.
- 33.7 Осы Жарғыда пайдаланылған терминдер жекеше және көпше түрдегі бірдей мәнге ие болады.
- 33.8 Осы Жарғы мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.
- 33.9 Акционерлердің уәкілетті өкілі осы Жарғының ағылшын тіліндегі 3 (үш) данасына, мемлекеттік тілдегі 3 (үш) данасына және орыс тіліндегі 3 (үш) данасына тиісті үлгіде қол қойды.

«Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың

Басқарма Төрағасы

Буранбаева Лязат Мэлсовна



Буранбаева Лязат
Мэлсовна

УТВЕРЖДЕН
Протоколом общего внеочередного собрания акционеров
АО «СК «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)»
№2-2023 от 18.07.2023 г.

УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ "SINOASIA B&R (Синоазия БиЭндАр)"

СОДЕРЖАНИЕ

ГЛАВА 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	3
1 ОПРЕДЕЛЕНИЯ	3
2 НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ИСПОЛНИТЕЛЬНОГО ОРГАНА ОБЩЕСТВА	4
3 ПРАВОВОЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА	4
ГЛАВА 2. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВА.....	5
4 ЦЕЛЬ И ВИДЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА	5
ГЛАВА 3. КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА	6
5 УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА	6
ГЛАВА 4. АКЦИИ И ДРУГИЕ ЦЕННЫЕ БУМАГИ ОБЩЕСТВА	6
6 ЦЕННЫЕ БУМАГИ ОБЩЕСТВА	6
7 СИСТЕМА РЕЕСТРОВ ДЕРЖАТЕЛЕЙ ЦЕННЫХ БУМАГ	8
ГЛАВА 5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ ОБЩЕСТВА	9
8 ПРАВА АКЦИОНЕРОВ.....	9
9 ПРАВА АКЦИОНЕРОВ – СОБСТВЕННИКОВ ПРИВИЛЕГИРОВАННЫХ АКЦИЙ ...	10
10 ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ	11
11 РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ЧИСТОГО ДОХОДА. ДИВИДЕНДЫ ПО АКЦИЯМ.....	12
ГЛАВА 6. ПОРЯДОК ОБРАЗОВАНИЯ И КОМПЕТЕНЦИЯ ОРГАНОВ ОБЩЕСТВА	13
12 ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА.....	13
13 ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ	13
14 ПОРЯДОК СОЗЫВА ОБЩЕГО СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ.....	16
15 ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ И ГОЛОСОВАНИЯ НА ОБЩЕМ СОБРАНИИ АКЦИОНЕРОВ	18
16 СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ	20
17 КОМПЕТЕНЦИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ	21
18 ПОРЯДОК СОЗЫВА И ПРОВЕДЕНИЯ ЗАСЕДАНИЙ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ	25
19 ПРАВЛЕНИЕ	27
20 КОМПЕТЕНЦИЯ ПРАВЛЕНИЯ.....	28
21 ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВЛЕНИЯ	31
22 СЛУЖБА ВНУТРЕННЕГО АУДИТА	31
23 АУДИТ ОБЩЕСТВА	35
ГЛАВА 7. СДЕЛКИ ОБЩЕСТВА, В ОТНОШЕНИИ СОВЕРШЕНИЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛЕННЫ ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ.....	35
24 КРУПНЫЕ СДЕЛКИ	35
25 СДЕЛКИ, В СОВЕРШЕНИИ КОТОРЫХ ОБЩЕСТВОМ ИМЕЕТСЯ ЗАИНТЕРЕСОВАННОСТЬ	37
ГЛАВА 8. ДОЛЖНОСТНЫЕ ЛИЦА ОБЩЕСТВА. ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ.....	38
26 ДОЛЖНОСТНЫЕ ЛИЦА ОБЩЕСТВА	38

27	ТРУДОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ.....	39
ГЛАВА 9. ОТЧЕТНОСТЬ ОБЩЕСТВА		39
28	ФИНАНСОВАЯ И БУХГАЛТЕРСКАЯ ОТЧЕТНОСТЬ ОБЩЕСТВА	39
ГЛАВА 10. ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ ИНФОРМАЦИИ О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА		40
29	ПОРЯДОК ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРАМ ОБЩЕСТВА ИНФОРМАЦИИ О ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	40
ГЛАВА 11. ПРЕКРАЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЩЕСТВА		42
30	РЕОРГАНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВА	42
31	ЛИКВИДАЦИЯ ОБЩЕСТВА	42
32	ДОБРОВОЛЬНАЯ ЛИКВИДАЦИЯ ОБЩЕСТВА	43
ГЛАВА 12. РАЗНОЕ		44
33	ПРОЧИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.....	44

ГЛАВА 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1 ОПРЕДЕЛЕНИЯ

1.1 Каждый термин, написанный с заглавной буквы, который используется в настоящем Уставе и который не определен в настоящем Уставе иным образом, имеет нижеследующее значение:

"Акционер" означает лицо, являющееся собственником акции Общества.

«Акция» — ценная бумага, выпускаемая акционерным обществом и удостоверяющая права на участие в управлении акционерным обществом, получение дивиденда по ней и части имущества общества при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные настоящим Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан;

"Аудиторская организация" означает организацию, определяемую общим собранием акционеров для проведения аудита Общества, аудита годовой финансовой отчетности Общества и отчета о деятельности Общества.

"Аффилированные лица" означает физических или юридических лиц (за исключением государственных органов, осуществляющих контрольные и надзорные функции в рамках предоставленных им полномочий), имеющих возможность прямо и (или) косвенно определять решения и (или) оказывать влияние на принимаемые друг другом (одним из лиц) решения, в том числе в силу заключенной сделки, а также в иных случаях установленных в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах». Перечень аффилированных лиц Общества устанавливается в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах».

"Бюджет" означает годовой бюджет Общества, утвержденный решением Совета директоров.

«Голосующие акции» — размещенные простые акции, а также привилегированные акции, право голоса по которым предоставлено в случаях, предусмотренных настоящим Законом. В число голосующих акций не входят выкупленные обществом акции, а также, если иное не предусмотрено настоящим Законом, акции, находящиеся в номинальном держании и принадлежащие собственнику, сведения о котором отсутствуют в системе учета центрального депозитария;

"Дивиденд" означает доход Акционера по принадлежащим ему акциям, выплачиваемый Обществом.

"Заинтересованные лица" означает аффилированные лица Общества, заинтересованные в совершении Обществом сделки, если они: 1) являются стороной сделки или участвуют в ней в качестве представителя или посредника; 2) являются аффилированными лицами юридического лица, являющегося стороной сделки или участвующего в ней в качестве представителя или посредника.

"Квалифицированное большинство" означает большинство в размере не менее 3/4 (трех четвертей).

"Крупная сделка" означает:

- 1) сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет двадцать пять и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов общества;
- 2) сделка или совокупность взаимосвязанных между собой сделок, в результате которой (которых) обществом могут быть выкуплены его размещенные ценные бумаги или проданы выкупленные им ценные бумаги общества в количестве двадцати пяти и более процентов от общего количества размещенных ценных бумаг одного вида;

"Крупная сделка по страхованию (перестрахованию)" означает сделку, по которой страховая сумма (принимаемый объем обязательств) по отдельному заключенному

договору страхования либо принимаемый объем обязательств по отдельному договору перестрахования страховой (перестраховочной) организации превышают норматив, установленный нормативным правовым актом уполномоченного органа.

"Крупный Акционер" означает акционера или несколько акционеров, действующих на основании заключенного между ними соглашения, которому (которым в совокупности) принадлежат десять и более процентов голосующих акций акционерного общества.

